

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, қадірлі журналистер мен ақпарат саласының ардагерлері! Сіздерді Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Бұл мереке – шындық пен әділдік жолында қажырлы еңбек етіп жүрген қалам иелеріне деген қоғамның шынайы құрметінің белгісі. Журналист болу – жоғары жауапкершілікті, терең білім мен кәсіби шеберлікті, азаматтық ұстаным мен биік парасатты талап етеді. Сіздердің әрбір сөздеріңіз – елдің санасына серпіліс әкеліп, әділеттіліктің үстем болуына ықпал етеді. Осы саладағы өлшеусіз еңбектеріңіз үшін алғысымыз зор.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі бүгінгі таңда қоғам өмірінің барлық саласына әсер етіп отыр. Сол себепті ашықтық пен жариялылық – басты қағидаттың бірі. Сот саласының ресми сайттары мен әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс істеуі – халыққа жақын болып, қоғаммен байланыс орнатудағы жаңа үлгі. Бұл үдерісте ақпарат құралдары – қоғам мен сот арасындағы алтын көпір болып табылады.

Сот жүйесі мен журналистер арасындағы өзара түсіністік пен сенімге негізделген байланыс – құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыру және заң үстемдігін нығайту жолындағы маңызды тетік. Осы орайдағы журналистердің кәсіби шеберлігі, әділеттілікке деген адалдығы және мүддеге бағытталған жауапты ұстанымы ерекше атап өтуге тұрарлық. Сіздердің қаламдарыңыз – әділеттің жаршысы, халықтың сенімді серігі. Сөздеріңіз – тек ақпарат көзі емес, ұлттың ой-санасын қалыптастыратын рухани күш. Сондықтан да шығармашылық ізденістеріңіз бен адал еңбектеріңіз ел мүддесіне қызмет етіп келеді.

Құрметті ақпарат саласының майталмандары!

Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас шабыт, биік кәсіби табыс тілейміз. Жаңа идеяларыңыз ұзақ мерзімді нәтижеге жетелеп, әрбір мақалаңыз қоғамның даму жолына тың серпін беріп, шындық пен заң үстемдігін насихаттаудағы еңбектеріңіз еселене берсін! Еліміздің игілігі мен өркендеуі жолындағы қызметтеріңізге сәттілік ардайым серік болсын! Мерекелеріңіз тағы да құтты болсын!

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

(Жалғасы 3-бетте)

28 МАУСЫМ – БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ЖУРНАЛИСТ – ҚОҒАМДЫ АЛҒА СҮЙРЕЙТІН МАМАНДЫҚ



Қазақ журналистикасы үлкен өзгеріс алдында тұр. Аудитория талғамының ауысуы, дәстүрлі БАҚ-тың беделі мен болашағы – күн тәртібіндегі өткір мәселелер. Осы орайда біз 28 жылдық тәжірибесі бар журналист, медиа-менеджер Жанахмет АҒЫБАЕВПЕН сұхбаттасып, саладағы шынайы жағдай, жас журналистердің ізденісі мен іркілісі, мамандыққа қатысты ішкі толғаныстары туралы әңгіме өрбіттік.

ПАРЛАМЕНТ

ҚАРЖЫНЫҢ ТИІМСІЗ ЖҰМСАЛУЫ ЖАЛҒАСУДА

Ел бюджетін босқа рәсуа ету, мақсатсыз жұмсап, талан-таражға салу тыйылар емес. Тағы да миллиардтаған теңгенің кірген ізі бар да шыққан ізі жоқ. Ал, осы қаржыны қажет еткен қаншама мәселе шешімін таппай жылдан-жылға көшіп жүр.

Парламент Мәжілісінде есебі тыңдалған Жоғары аудиторлық палатаның 214 объектіде өткізген шамамен 11 трлн теңгені қамтитын 27 аудиторлық іс-шарасы барысында 154 млрд теңге көлемінде қаржылық бұзушылықтар, 708 млрд теңге көлемінде бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау мен тиімсіз пайдалану фактілері, 10 мыңнан астам рәсімдік бұзушылықтар анықталыпты. 175 жеке және заңды тұлға әкімшілік жауаптылыққа, 198 лауазымды адам тәртіптік жауаптылыққа тартылып, 1 674 аудит материалы әкімшілік іс қозғау үшін жіберілсе, 16-сы құқық қорғау органдарына беріліпті. Мұнымен желге ұшқан, тиімді

жұмсалмаған қаржы орнына келе ме? Осы қаржыға қараған сан шаруа жүзеге асып, елдің мұқтажы өтеле ме?

Шын мәнінде Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2023 жылғы есептерін қарау қорытындылары бойынша Мәжіліс комитеттері Үкіметке 17 түйінді ұсыныс берген болатын. Соның 8-і орындалмапты. Олардың кейбіріне тоқтала кетсек, мәселен, кірістілік пен ашықтықты арттыру мақсатында БЖЗҚ, ӘМСҚ, МӘСҚ инвестициялық стратегиясын қайта қарау, медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегін төмендету мақсатында денсаулық сақтау жүйесін қаржылық сауықтырудың

дағдарысқа қарсы жоспарын қабылдау, мемлекеттік борыштың ұлғаю қарқынын төмендету, қарыздар есебінен іске асырылатын жобалар бойынша құрылыс мерзімдерін бұзуға жол бермеу шаралары жүзеге аспаған. Сол секілді мемлекеттік сатып алудың бірыңғай жүйесін құру (квазимемлекеттік сектордың сатып алуын «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның қолданылу саласына ауыстыру), Ұлттық қорға тәуелділікті төмендету мақсатында бақыланбайтын экономика, формалды емес жұмыспен қамту көлемін азайту, еңбекақы төлеу қорын көлеңкеден шығару арқылы бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту жөніндегі ұсыныс та жерде қалған.

Есепті қарау барысында сөз алған депутаттар бюджеттің орындалуындағы біраз кемшіліктерді ортаға салды. Түйгеніміз, баяғы ескі жыр. Мәжілістегі «Ақжол» фракциясының төрағасы Азат Перуашевтың сөзі бұл жолы да ашулы шықты. Ол 2024–2026 жылдарға арналған бюджет жобасын бекіту кезінде Үкіметтің 2024 жылдан бастап Ұлттық қордан нысаналы трансферттерді төмендету, ал 2025 жылдан бастап олардан мүлдем бас тарту жоспарын орындамағанына назар аудартты. Бұған ол Ұлттық қорға тәуелділік Президенттің экономиканың өнеркәсіптік қаңқасын құру туралы талаптарына және өңдеуші өнеркәсіптің озыңқы өсуі туралы Үкіметтің ақпаратына қай-

шы күрт өсіп кеткенін дәлел етті. Сол секілді сыртқы қарыздардың өсіп бара жатқанын айрықша атап өтті.

Жалпы, бюджетті талқылаған сайын «Ақ жол» фракциясы сырттан өзгеге борыштанудың тым ұлғайып бара жатқанын үнемі айтып, Үкіметтен бұл әдеттен арылу қажеттігін талап етумен келеді. Мемлекеттік органдар мұны орындауға сөз бергенімен, іс жүзінде керісінше болып отыр. Перуашев мырза келтірген мәлімет бойынша 2023 жылы сыртқы серіктестерден Қазақстан 251,9 млрд теңге, ал 2024 жылы – бірден 6 есе – 1 трлн 400 млрд теңге қарыз алыпты. Жоғарғы аудиторлық палата есебінде айтылғандай, бұл қарыздардың негізгі шарттары яғни, мәлімделген мөлшерлемелер және мерзімдер күмәнді. Бұл жағдай оларды бекіту кезінде Парламент пен басқа да бақылау органдарын еліміз бен оның бюджеті үшін осы қарыздардың түпкілікті құнына әсер ететін негізгі шарттардан жаңылыстырады. «Ақ жол» фракциясы бұл мәселені 2023 жылы көтерген болатын.

Ол кезде «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның мемлекет кепілдігімен теңгемен тартқан 317 млн теңге несиесі еуро бағасына сай жыл сайын индекстеліп, бүгінде 1,2-ден 1,5 млрд теңгеге жеткен.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



Әрбір аңға атылған оқ –
табиғатқа жасалған қылмыс

5-бет



«ЖасЛандшафт» бағы жайнап тұр

6-бет



Жалған нөмірмен жүргендер
жауапсыз қалмайды

КИЕ

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл! Десек те күні бүгінге дейін тіл мәртебесінің өзектілігі еш мәнін жоймағаны әрі күн тәртібінен түспегені рас. Тәу еткен басты құндылығымыз – тәуелсіздігіміздің сақталуына, ұлттың ұлт болып ұйысуына, еліміздің өсіп-өркендеуіне де осы ана тіліміздің көсегесінің көгергені, қолданылу аясының кеңейгені аса маңызды.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАЛАЙ ҚАЖЕТ ТІЛГЕ АЙНАЛДЫРАМЫЗ?

Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғанымен, жалпы қоғамда, балабақшалар мен мектептерде, аулаларда бесіктен белі шықпаған балаларымыздың тілі ана тілінде емес, орыс тілінде шығып жатқаны қынжылтады. Өткір мәселе осынау отыз жылдан астам уақыттан бері әбден жауыр болғанымен, іс жүзінде нәтижесінің көптің көңілін көншітпей тұрғаны да даусыз. Бұл орайда тілдің қажеттілігі сонымен қатар мемлекеттік тілдің таралуына ықпал ететін заңды тетіктердің әлі де болса іс жүзінде солқылдақтығы да түйінді мәселенің реттелуіне кері ықпал етеді. Бүгінгі тақырыбымызда елордалық мәртебеге ие Ақмола облысындағы толғағы жеткен түйткілдерге толы тіл мәселесінің нақты себептері мен салдары, оны шешу тұрғысындағы амал-әрекеттер мен жоба-жоспарларын нақты дерек-дәйектермен сараптап ұсынуды жөн көрдік.

Ежелден-ақ тілі орыстанған деп саналатын теріскей облыстардың оның ішінде Ақмола облысындағы тілдің бүгінгі хал-ахуалы көпшіліктің көңілін алаң қылатыны сөзсіз. Мемлекеттік тілдің кешегі кеңес заманынан бастап отбасы ошақ қасынан ары аспай қалған деңгейін қайта көтеру әсіресе еліміздің теріскей аймақтарына аса ауыр тиді. Өйткені, біріншіден өзге ұлт өкілдерінің санының басымдығы,

екіншіден өз қарақөздеріміздің де ана тілінен мүлдем мақұрым қалуы мемлекеттік тілдің онсыз да мүшкіл ахуалын одан сайын күрделендіре түскен еді. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен мекемелердегі құжат айналымының да күні бүгінге дейін ана тіліне шорқақтығы түйткілді мәселеге мемлекеттік деңгейде баса назар аударуды қажет етті. Дегенмен осындай қиындықтарға қарамастан қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған іргелі шаралар мен жоспарлы жұмыстардың да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн.

Атап айтқанда, мемлекеттік тіл саясатының арқасында тілдерді дамытудың бірнеше мемлекеттік бағдарламалары қабылданды. Мәселен, «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» аясында қазақ тілінің іс жүзінде білім беру, ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызмет салаларында қолданылудың тиімділігін арттыруға бағытталған іргелі жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ «Үш тұғырлы тіл» мемлекеттік тіл саясаты арқылы да тіл үйренушілерге арнайы курстардың жүргізіліп, мемлекеттік тілді үйрене бастаған жұртшылықтың да біртіндеп қатары арта бастаған.

Әсіресе, елдің ертеңгі болашағына тұтқа болар жастардың мемлекеттік тілді үйренуге құлшыныста-

рының артып келе жатқаны көңіл қуантады. Бұл орайда ортақ мүдде жолында мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары мен жергілікті атқарушы органдар бірлесе әрекет етсе аймақтағы мемлекеттік тілдің ахуалының түзеліп, жағдайдың тұрақтануына ықпал ететіні де анық. Мұны Ақмола облыстық оқу-әдістемелік орталығының оқытушылары да растап отыр. Ведомствоның мәліметінше тек соңғы бірнеше жыл

ішінде ғана өңірде қазақ тілін меңгеруге бағытталған арнайы оқыту курстарының арқасында мемлекеттік тілді меңгеріп шыққан адамдардың қатары мыңдап саналады.

– Иә, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Ол елімізде басты қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуы тиіс. Тілдің қолдану аясын арттыруға, мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған ауқымды шаралар жүзеге асырылып келеді. Дегенмен, қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясын кеңейтуге қажеттілігі әлі де аса күрделі мәселе болып отыр. Осы орайда Ақмола облыстық оқу әдістемелік орталығының қазақ және ағылшын тілдерін үйрету бағытында табанды еңбек етіп келе жатқанын атап өткен жөн. Орталық оқытушылары өңірде мемлекеттік тілдің салтанат құруына қолдарынан келгенше аянбай еңбектеніп жүр. Орталықта осы уақытқа дейін 19 415 адамның қазақ тілін үйрену курсынан өтіп, арнайы сертификат алуы осы сөзімнің айқын дәлелі,– дейді Ақмола облыстық оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы Рамазан Бауыржанұлы.

Бұл өңірдегі қалыптасқан қағидаға айналған қазақ тілінде сөйлей алмайтын қарақөздеріміз бен басқа этнос өкілдерінің тілді меңгеріп алуына аса зор ықпалын тигізген. Осылайша мемлекеттік тілде әліпті таяқ деп білмейтін адамдар ең құрығанда базалық яғни ауызекі қа-

зақ тілін игере бастағанын атап өткен ләзім. Мамандар аталған бағыттағы жұмыстардың алға жылжуына кері әсер етіп, адымын аша алмауының басты себебі қала тұрғындары арасында орыс тілінің басым болуы екенін айтады. Сондықтан тілдік ортаны қалыптастыру, қоғамдағы мемлекеттік тілдің қажеттілігін арттыру және ана тілінің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған нақты міндеттер мен жоспарларды іске асыруда мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларға баса мән беріледі.

Бұл орайда «Қазақстан – 2050» стратегиялық жоспарында да қазақ тілінің халықаралық мәртебесін арттыруға бағытталған нақты міндеттер қойылғанын атап өткен жөн. Ресми статистикалық деректер де соңғы жылдар ішінде қазақ тілін үйренушілердің қатары 40 пайызға артқанын көрсеткен. Солай болуы да тиіс. Өйткені, мемлекетті қалыптастырушы һәм ұйыстырушы – Қазақ ұлтының тілі, мәдениеті мен тарихы, дәстүрі мен ділінің төрге озып, қоғамда өзінің лайықты орын алуы шынайы заңдылық. Сондықтан мемлекеттік тілді дамытуға әрі қолдауға бағытталған шаралар жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жүйелі түрде жүзеге асырылғаны жөн. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен мекемелерде халыққа мемлекеттік тілде қызмет көрсетуіне назар аударылып, нақты бастамалардың қолға алына бастағаны байқалады. Мұның бәрі ресми және қоғамдық орындарда қазақ тілінің рөлін айтарлықтай нығайтатыны сөзсіз. Алайда, кеңес заманында өмір сүріп қазақ тілінде іс жүзінде оқи алмаған аға буынмен қатар, тәуелсіздікпен тел өскен жастар да орыс тілінде сөйлесу дәстүрі қалыптасып кеткенін жоққа шығара алмаймыз. Қоғамдық кез келген ортадағы ресми тілдің қолданылу басымдығы мемлекеттік тілдің дамуына тұсау салады. Сала мамандары аталған кедергілерге қарсы жүйелі түрде арнайы шаралар қолға алынғанын атап өтті.

– Қазақ тілінің қоғамдағы рөлін арттыру үшін тілдік ортаны қалыптастыру, іргелі мәдени шаралар мен

тіл фестивальдерін ұйымдастыру, қазақ тілінде әдебиет пен өнерді насихаттауға баса мән беріледі. Әсіресе, жастар арасында қазақша әндерге, поэзия мен прозаға қызығушылықтарын арттыру бағытында жұмыстар жалғасып келеді. Тұтас еліміз бойынша өтетін «Тілдер күні» апталығы мен айлықтары аясында қазақ тілінің маңыздылығы мен қолдану аясын кеңейтуге назар аударылады. Мұнымен қоса заманаағымына сай медиа және интернет кеңістігінде де қазақ тіліндегі контенттерді көбейтуге көңіл бөліп отырмыз. Бұл орайда тек мемлекеттік тілді дамыту үшін тек мемлекеттік мекемелер емес жеке сектордағы компаниялар да қазақ тілінде қызмет көрсеткені ләзім. Кәсіпорындар өз өнімдерін қазақ тілінде жарнамалап, қызмет көрсетуде қазақ тілін қолданса мемлекеттік тілдік қоғамдағы рөлін нығайтуға нақты серпін берер еді. Бұған кәдімгі мейрамханалар, ойын-сауық орталықтары, базарлар мен дүкендер, шағын кәсіпкерлік орындары да өз ақпараттарын ана тілінде ұсынса күнделікті өмірде мемлекеттік тілдің қолданылуына мол мүмкіндік болар еді. Бұл бәріміздің ортақ әрі қасиетті міндетіміз деп қабылдауымыз қажет, – дейді Ақмола облысы ішкі саясат басқармасы тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Айгүл Талпақова.

P.S. Расында да аттың жалы, түйенің қомында жүріп бізді бүгінге жеткізген қазақ тілінің мәңгілік тілге айналуы, жаһандану заманында әлемде өзінің лайықты орнына ие болуы тұтас Қазақ елінің әрбір азаматының қастерлі парызы екенін, мемлекеттік тілді біліп, оған құрметпен қарауы қажеттігін ұғынуы тиіс деген ойдамыз. Бұл орайда ортақ міндеттің іс жүзінде ойдағыдай жүзеге асуы үшін батыр бабаларымыздан жеткен өр рухымызды өшірмеуіміз қажет.

Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Елімізде табиғатты қорғау туралы заң ережелері барынша қатаңдатылып, аң-құстарды жаппай аулаушыларға жаза күшейгенімен, айылын тартып жатқандар аз. Керісінше жыл санап тұмса табиғат еркелерін бағалы терілері мен мүйіздері үшін жайратып тастап, қажеттісін алып, қажетсізін лақтырып кете беретіндер көбейіп барады.

Заң талаптарына сәйкес қолға түскен браконьерлерге әкімшілік айыппұл мен қылмыстық жауапкершілікпен бірнеше жылға дейін темір торға тоғытуға дейін ауыр жазалар кесіліп жатқанымен мәселе әлі де аса өзекті болып тұр. Табиғаты сұлу аймақтарға аса бай Ақмола облысында да браконьерлерге қарсы шаралар еш толастаған емес...

Биыл алғашқы жарты жылдыққа қорытынды жасаған Ақмола облысының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының мәліметінше өңірде жалпы аң аулайтын жерлердің аумағы 12 миллион 343 мың гектардан астам жерді құрайды. Оның ішінде 12 миллион 114 мың гектарында 161 аңшылық шаруашылықтары ұйымдастырылған. Ал 10 миллион 278 мың гектар алқапта орналасқан орманды аймақтарда 139 аңшылық шаруашылықтары нақты қызметтерін жүзеге асырып отыр. Олар 82 заңды және жеке тұлғалардың меншігіне алынған.

Дегенмен аңшылық шаруашылықтармен әлі күнге игерілмеген жерлердің де көлемі аса үлкен аумақты алып жатыр. Ведомствоның мәліметінше қазіргі уақытта облыс аумағында резервтік қордағы 22 бекітілмеген аң аулайтын жерде жалпы көлемі 1 миллион 836 мың гектар алқап бар екені анықталған. Жалпы облыс бойынша 1,8 миллион гектардан астам жер

ешкімге берілмей мемлекеттік резервке қойылғаны мәлім болды.

Киіктер саны артып келеді

Соңғы жылдары киіктердің саны күрт азайып экологтар дабыл қаққан еді. Дегенмен соңғы жылдары керісінше киіктердің саны еселеп өсе бастаған. Сала мамандары өңірде киіктер санының бұрнағы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай көбейгенімен, аң-құсқа браконьерлік шабуыл деректерінің де саябырламағанын алға тартады. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аумақтық инспекциясының дерегінше облыс аумағында киіктердің жалпы саны 100-105 мың басқа дейін жеткен.

– Биылғы сәуір айында ұшақпен киіктердің санын әуе кеңістігінде есептеу кезінде 21 647 киік көзге шалынды. Жалпы өңірде 23 маусымдағы жағдай бойынша шамамен киіктердің саны 100 мыңнан асып 105 мыңға жуықтап қалғаны белгілі болып отыр. Қазір аңшылық шаруашылықтары заң аясында қайта тіркеуден өтіп жатыр. Жыл басынан бері бірнеше аңшылық шаруашылықтары жаңа иелеріне он жыл мерзімге бекітіліп берілді. Атап айтқанда, «Степное» аңшылық шаруашылығы «Фламинго-НС» ЖШС-не, «Дударай» аңшылық шаруашылығы «Алтын-Қасқыр» ЖШС-не, «Атбасарское»

ӘРБІР АҢҒА АТЫЛҒАН ОҚ – ТАБИҒАТҚА ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫС



аңшылық шаруашылығы «Астана қаласы және Ақмола облысы аңшылары мен балықшылары қоғамы» қоғамдық бірлестігіне он жыл мерзімге қайта бекітілді, – дейді Ақмола облысы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Лашынтай Дүйсенов.

Сала мамандары киік санының өсімін табиғатты қорғау жұмыстары мен аңшылыққа шектеу қоюдың оң нәтижесі деп бағалайтынын жасырмады. Өйткені, сайын даланың еркін жануары – киіктер бірінші кезекте экожүйенің тепе-теңдігінің маңызды буыны екені айтпаса да түсінікті. Сондай-ақ, киіктер Қазақстанның символына айналған айрықша жануарлардың бірі болып саналады.

Заңды белден басқандар жауапсыз қалмады

Тәртіп пен талап қатал болғанымен заңды өрескел түрде бұзып аң аулагандар Әкімшілік құқықбұзушылық

кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға да тартылған. Ведомствоның мәліметінше тек жыл басынан бері ғана 13 әкімшілік материал жасалып, жалпы сомасы 137 020 теңге сомасында айыппұл салынған. Қазіргі уақытқа дейін барлық айыппұл толығымен өндірілген. Ведомство дерегінше әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша мемлекетке келтірілген шығынның жалпы көлемі 176 940 теңгені құраған.

– Жалпы, жыл басынан бері инспекция қызметкерлері жануарлар дүниесі саласындағы заңнамалардың сақталуына қатысты 228 мәрте рейд шараларын ұйымдастырды. Жүргізілген нақты жедел әрекеттердің нәтижесінде 176 мың 940 теңге айыппұл өндіріліп алынды. Құқық бұзушылықтардың арасында заңсыз аң аулау, рұқсатсыз жануарларды ұстау, тіркелмеген тасбақаларды заңсыз сақтау сияқты фактілер анықталды, – дейді ведомство басшысы.

Аумақтық инспекция әкімшілік құқықбұзушылықтармен қатар аймақта бра-

коньерлермен қылмыстық істердің де азаймай керісінше көбейіп кеткенін мәлім етті. Тек жыл басынан бері ғана облыс аумағында алты бірдей қылмыстық іс қозғалған болып шықты. Браконьерлікпен айналысқандардың кейбірі бас бостандығынан айырылса, енді біреулері миллиондап айыппұл төлеген. Мәселен Зеренді ауданында үш бас елік атып алған үш жігіт ауылға жеткізбек болған жерінен қолға түскен. Тергеу барысында олардың бірі осыған дейін сотталған адам болып шықты. Бұл

P.S. Әрбір адам табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан бұл мәселе де жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін естен шығармаған жөн. Киіктердің көбеюі экологиялық жағынан дұрыс бағытта келе жатқанымыздың айқын көрінісі. Дегенмен, олардың егін алқаптарын таптап кетуі сияқты өзекті мәселелер тағы бар. Сондықтан табиғаттың да залал шекпей, егіншілердің де астықсыз қалмауына ықпал ететіндей шараның жасалғаны жөн. Әрбір аңға оқ ату, жануарларды рұқсатсыз ұстаудың баршамызға ортақ табиғатқа қарсы қылмыс екенін ұмытпасақ екен. Өйткені бүгінгі жануарлар әлемі мен қоршаған орта ертеңгі ұрпақтың өмірі мен болашағы үшін аса маңызды.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

28 МАУСЫМ – БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ЖУРНАЛИСТ – ҚОҒАМДЫ АЛҒА СҮЙРЕЙТІН МАМАНДЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– **Журналистикаға қалай келдіңіз?**

– Жалпы, журналист болсам деген арман кішкентай кезімнен басталды. Екінші сыныпта-ақ жазған өлеңдерім мен мақалаларым сол кездегі «Қазақстан пионері» газеті мен «Пионер» журналына шығып тұратын. Алғаш рет мақалам жарық көргенде мектеп директоры естіп-біліп, бүкіл мектепті жинап, арнайы жиналыс өткізді. Сол жиында мені мақтап, «Біздің мектептің атын шығарды» деп алғыс айтып, үлкен құрмет көрсеткені есімде. Журналист болсам деген бала арманым сол кезден жүректе ұялады.

Десе де бұл салаға бірден келе қойған жоқпын. Алдымен қаржы мамандығын меңгердім. Бірақ жүрек түкпіріндегі арман мені ақыры журналистикаға жетелеп әкелді. Алғашқы журналистік қадамымды Қызылордадағы «Ақмешіт ақшамы» газетінен бастадым. Ең алғаш жарияланған мақалам әлі күнге жадымда: 1995 жылы шыққан «Нан – талап» атты аналитикалық мақала еді.

1992 жылдары мектеп түлектері түгел емтихан тапсыратын. Қызылордада ашығын айтқанда таныс-тамырсыз жоғары оқу орнына түсу мүмкін емес еді. Сол жүйедегі әділетсіздік туралы ашық жаздым. Бұл мақала үлкен талқылауға ұласты – газетке әртүрлі пікірдегі хаттар ағылды. Бірнеше аналитикалық мақалам жарық көрген соң, жаңа ашылған «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы мені тілші ретінде жұмысқа шақырды. Арада жарты жыл өткенде жауапты хатшы, кейін бас редактордың орынбасары қызметіне көтерілдім. Осылайша журналистикадағы жолым басталды.

– **Сіздіңше, нағыз журналист қандай болу керек? Журналистиканың басты қағидасы сіз үшін не?**

– Бұл сұраққа әркім әртүрлі жауап беруі мүмкін. Бірақ мен үшін журналист – қоғамды алға сүйрейтін мамандықтың бірі. Әрине, барлық мамандықтың өз орны бар, бәрі де маңызды. Бірақ журналистиканың жөні бөлек. Себебі журналист – қоғамдағы кемшілікті көрсетіп, мәселені қозғай алатын, тіпті кейде бір ғана мақаламен үлкен өзгеріске жол ашатын тұлға. Журналистің басты қағидасы – қоғамға пайдалы болу. Бұл – менің мамандық таңдауыма себеп болған басты ұстаным. Кішкентай кезімнен бастап өз еңбегіммен, сезіммен қоғамға пайда тигізгім келді. Сол ниет, сол арман мені осы жолға алып келді. Журналистиканың кереметтігі – үлкен жүйедегі бұрыс тұстарды, әділетсіздікті, көзге көрінбей жүрген мәселелерді ашық айтып, жұрттың назарына ұсына алатын күшінде. Жақсы жазылған сын мақала қоғамдағы үлкен бір кемшіліктің жойылуына түрткі болуы мүмкін. Мен журналистерді «қоғамның санитарлары» деп атар едім. Мен үшін журналистиканың басты қағидасы – қоғамға пайда әкелу, әділдікті көздеу, халықтың сөзін сөйлеп, шындықты айту. Бұл – менің кәсіби өмірімдегі басты бағдаршамым.

– **Соңғы 10–15 жылда журналистикада не өзгерді?**

– Меніңше соңғы жылдары журналистика дамып жатқан жоқ, керісінше, бұрынғыға қарағанда әлсіреп барады. Себеп өте көп, бұл бір ғана факторға байланысты емес. Ең алдымен, қоғам қандай болса – журналистика да сондай.

Қазақстан деңгейінде қарайтын болсақ, бұған дейін БАҚ құралдары санаулы еді. Журналист болу – үлкен мәртебе, үлкен дайындықты талап ететін. Журналистика факультеттері аз болған соң, түлектер жолдамамен іріктеліп жұмысқа орналасатын. Қазір олай емес – журналистиканы оқу да, жұмыс табу да жеңілдеді. Сол себепті сапа жағынан үлкен айырмашылық бар. Жаңа буын арасында әдебиетті шала білетін, стилистикалық не орфографиялық қатені ажырата алмайтын мамандар көптеп келеді. Бұрынғы журналистің әрқайсысының ішінде бір-бір ақын, жазушы бұғып жататын. Экономиканы терең түсінбеуі мүмкін, бірақ тілге келгенде, әдебиетке кел-



генде бәрі шебер еді. Қазір ондай талап та, ондай деңгей де сирек.

– **Жас журналистердің басты кемшілігі мен артықшылығы неде?**

– Ең алдымен байқайтыным – жастардың жалпы білім деңгейі мен дүниетаным аясының тарлығы. Иә, мұны бір жағынан «заман солай» деп түсінуге болар, себебі бұл тек журналистикаға ғана емес, басқа да мамандықтарға тән ортақ мәселе. Бірақ журналистика – ерекше жауапкершілік жүктейтін сала. Менің ойымша, жастардағы ең үлкен кемшілік – жауапкершіліктің төмендігінде. Біз бұрын бір мақала жазып, бір ғана деректі, бір ғана цифрды анықтау үшін кітапханаға барып, газет тігінділерін ақтарушы едік. Сағаттап ізденіп, нақты дерекке жетуге тырысатынбыз. Өйткені интернет болған жоқ, ал ақпараттың дұрыстығына сенімді болу – басты қағиданың бірі. Ал қазір ше? Жастар көбінесе интернеттегі бірінші кезіккен ақпаратты ала салады. Тіпті, сол ақпараттың рас-өтірігін тексеруге ерінеді. Біз жасаған материалды – мейлі ол мақала болсын, мейлі телесюжет болсын мыңдаған адам көреді. Аудитория бізден тексерілген, нақты ақпаратты күтеді. Ал біз оларға жалған, негізсіз дерек ұсынып отырсақ – бұл өте қауіпті үрдіс. Журналист – қоғам алдында үлкен жауапкершілік арқалайтын маман. Сондықтан бұл қасиет әр маманның бойында болуы шарт.

– **Жастардың артықшылығы неде?**

– Жас журналистер технологияға өте икемді. Ақпаратты өңдеу, видео немесе мәтін форматында жылдам әрі креативті өнім шығару – жастардың мықты жағы. Олар әлеуметтік желілердің тілін жақсы біледі, трендтерді аңғара алады. Бұл – қазіргі журналистикада маңызды құрал. Бірақ сол құралдың ар жағында терең білім мен шынайы ізденіс болмаса, бәрі – беткі қабат қана. Сондықтан жас журналистерге айтарым – аудиторияны құрметтеу керек. Ал құрметтің ең үлкен белгісі – тексерілген, шынайы, сауатты ақпарат ұсынумен өзектес.

Бұрын журналист пен билік арасындағы қатынас өзгеше болатын. Билікті сынау қалыпты жағдай еді. Ешкім таңғалмайтын. Журналистер қоғамдағы кез келген кемшілікті ашық жаза алатын. Қазір ондай емес. Әрине, сынап жүргендер бар, бірақ бүгінгі БАҚ мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында жұмыс істейді. Яғни, белгілі бір идеологияны ғана жүргізеді.

– **Бұл қаншалықты дұрыс?**

– Дұрыс не бұрыс деп біржақты айта алмаймын. Өйткені бүгінгі күні көптеген БАҚ сол тапсырыспен күн көріп отыр. Егер ақпараттық тапсырыс болмаса, министрліктің қолдауынсыз БАҚ-тың 80 пайызы жабылып қалуы мүмкін. Қаржылық тәуелділік сол деңгейде. Мемлекет идеология жүргізуі керек. Ақпараттық тапсырыстың болуы заңды. Бірақ оның екінші жағы бар – тепе-теңдік керек. Қазір сол тепе-теңдікті сақтай алмай отырмыз. Мәселе осында.

– **Журналист қызметінің қиындығы неде?**

– Мен журналистикаға 90-жылдардың екінші жартысында қосылдым. Ол кезде интернет те, әлеуметтік желі де жоқ – ақпаратқа қол жеткізу қиын. Бірақ сонымен қатар бұл маман-

дықтың өзінің бір рухани артықшылыққа толы дәуірі болды деп ойлаймын. Ең үлкен артықшылығымыз – еркіндік. Бізде сөз бостандығы бар еді, әсіресе жастарда ерекше бір серпін, құлшыныс болды. «Қоғамды түзеймін, кемшіліктерді айтып, пайдамды тигіземін» деген биік арманмен жүрдік. Жас болсақ та, мәселені батыл көтеретінбіз. Мысалы, мен қалалық әкімдікке қарасты газетте жұмыс істесем де, ашық сын мақалалар жазатынмын. Билік өкілдері бәрін жылы қабылдай қоймаса да, түсіністікпен қарайтын. Бүгінгі заманда ондай нәрсені елестету де қиын. Қазір, ашықтық, өткірлік, бұрынғыдай батылдық байқалмайды.

Иә ол кездері сыннан нәтиже шығару – ең үлкен мотивациямыз еді. Біз жазған сыннан кейін нақты шаралар қабылданса, қоғамға пайдамыз тигеніне риза болатынбыз. Жас болсақ та, қоғамда бір өзгеріс жасап жатқандай сезімде жүрдік. Бұл кез келген жас маманға үлкен рух беретін, шабыт сыйлайтын. Әрине, шектеулер де болды. Әкімдіктен ұрыс естіп те жүрдік, кейде ескерту де айтылатын. Бірақ дәл қазіргі уақыттағыдай қысым, бақылау, ақпараттық тапсырысқа байлану болған жоқ. Сол себепті бізде белгілі бір еркіндікпен, батыл жазуға мүмкіндік болды.

Қазір жастарда ақпарат көзі көп, технология мүмкіндігі мол. Бірақ біздің буынның артықшылығы – ішкі мотивациясы мен азаматтық жауапкершілігінің жоғары болуында.

– **Еліміздің журналистиканың басты мәселелері қандай?**

– Журналистиканың басты мәселесін айтқанда, ең алдымен газеттердің жағдайына тоқталған жөн. Қазір газет оқитын адам азайып бара жатыр. Бұл – шындық. Жастар мүлде қызықпайды. Дегенмен, халықтың арасында ізденетін, ойланатын, терең ақпарат іздейтін бір топ бар. Сол аудитория үшін газет әлі де маңызды. Бірақ ол азшылық. Мәселе мынада: газет – желде ақпарат тарата алмайды. Бұрын бұл рөлді теледидар атқарса, қазір ол да кешігіп қалып жатыр. Бүгінде ақпаратты бір сәтте таратып жатқан – интернет пен ақпараттық агенттіктер. Сондықтан газеттің бұрынғы «жаңалық көзі» ретіндегі миссиясы бітті. Енді оны қайталап, аптасына үш рет шығарып, «пәлен жерде жиналыс өтті» деген секілді ескіріп қалған ақпаратпен толтыру – мәнсіз. Өйткені ол жаңалықты халық баяғыда-ақ оқып алған.

– **Сонда газеттің болашағы жоқ па?**

– Болашағы бар деп те, жоқ деп те кесіп айту қиын. Болашағы тек сараптамалық, ойлы материалдармен байланысты. Газет бүгінгі күні бір ғана функцияны атқара алады – ол терең талдау, байыпты ой айту. Яғни аптасына немесе айына бір рет шығып, тек қана салмақты, қоғамдық мәні бар мақалалар жариялап отырса – қажет құрал ретінде сақталады. Ал қазіргідей мәжбүрлеп жаздыру, жасанды таралым жинау тәсілі ешкімге пайда бермейді. Өйткені қазіргі жастар газет оқиды деп үміттену қиын. Олар басқа платформада. Газетті тек ғылыммен, саясатпен айналысатын, қоғамның терең қабаттарын түсінетін адамдар ғана оқытын заман келе жатыр.

– **Ал телеарналардағы жағдай туралы не айтасыз?**

– Телевидениенің де жағдайы мез емес. Республикалық телеарналардың бәрі бір мезгілде, бір-бірінен айнымай жаңалық береді. Формасы да, мазмұны да бірдей. Оның бәрі – мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың нәтижесі. Бір ғана жаңалықты он телеарна бір мезгілде айтып отырса, оның қаншама жаңалықты тиімді екенін ойлап көріміз керек. Меніңше, ақпараттық телеарна Қазақстанда екеу болса жетеді. Қалғанын мамандандыру қажет. Мысалы, біреуі – бизнеске, екіншісі – ауыл шаруашылығына, үшіншісі – экологияға арналса. Сонда ғана нақты аудитория қалыптасып, сапасы артады.

Қазіргі телеарналардың көпшілігі бір бағытта жүреді, айырмашылығы жоқ. Бұл – мемлекеттің ақшасын тиімді пайдаланбаудың бір көрінісі. Ақпарат тарату маңызды, әрине. Бірақ бір ақпаратты он жерде қайталау емес,

тереңірек, мазмұндырақ, нақтырақ беру маңызды. Сол үшін мамандану керек. Тек сол кезде ғана телеарналар арасында бәсеке де, сапа да қалыптасады.

– **Өз жұмысыңыздағы қай сәт ерекше есіңізде? Ең қиын репортажіңыз немесе мақалаңыз қандай болды?**

– Журналистік жолда естелік көп. Оның ішінде сәтті шыққаны да, өкінішке толысы да бар. Бірақ мен ешқашан ұмытпайтын бір сәт бар – ол Астанада «Хабар» агенттігінде жұмыс істеп жүрген кезімде болған жағдай. Сол кезде Астанадағы әскери «Жасұлан» мектебінде үш бала асылып қайтыс болды. Бұл бүкіл елді дүр сілкіндірген ауыр оқиға еді. Біз сол туралы репортаж дайындадық. Сол жағдай жан-дүниеме қатты әсер етті, тіпті өмірлік сабақ болды. Бізді мемлекеттік телеарна ретінде оқиға орнына апарды. Бірақ көп дүниені көрсете алмадық. Бәрі тек ресми ақпаратқа сүйеніп, Қорғаныс министрлігі мен мектеп басшылығының берген сұхбатын берумен шектелді. Ал олар, әрине, «тәртіпке көнбеді», «командирдің талабын орындамады» деп бәрін балаларға аударды. Сол сарында бізге дайын сценарий берілді, біз де сол бойынша репортаж жасап жібердік. Арада бірнеше күн өткенде редакцияға әлдебір кісілер келді. Барсам – сол қаза тапқан балалардың ата-аналары. Әр өңірден келген, қайғыдан қан жұтқан аналар. Аналардың бірі жылап отырып:

«Өлетін балам өліп қалды. Бірақ сіздің «балалардың өзі кінәлі» деген сөзіңіз мені тағы бір мәрте өлтірді. Бұл – бала ғой! Өз еркімен өлімге кім барады? Ол жерде командир қайда қарады, басшылықтың жауапкершілігі қайда? Сіздер соны неге айтпадыңыздар?» – деп жылады. Сол кезде, шыны керек, өзімді өте ауыр, кінәлі сезіндім. Бір сәтте бәрінен бас тартып, журналистиканы тастап кеткім де келді. Өйткені бұл – жай ғана материал емес, адам тағдыры еді. Біз сол материал арқылы ананың жүрегін екінші рет жараладық. Бұл мен үшін ұмытылмас сабақ болды. Шындығында журналист тек ресми ақпаратқа сүйеніп қоймай, екі жақты тыңдауға міндетті. Ол үшін зерттеу керек, қазу керек, батылдық қажет. Сол кезде жас едік, тәжірибе аз болды. Бірақ дәл осы оқиға менің журналист ретінде өсуіме, жауапкершілікті терең сезінуіме себепкер болды. Сол күннен бастап менің ішкі ұстанымым өзгерді: ақпаратты таратпас бұрын, оның артында не тұрғанын зерделейтін болдым.

– **Қазақ журналистикасының болашағын қалай елестетесіз? Сала қай бағытта дамуы керек?**

– Бұл – өте күрделі әрі ауқымды мәселе. Бұрын интернет келгенде журналистикаға бір серпіліс болғанын көрдік. Қазір жасанды интеллект келді. Менің ойымша, бұл да сала үшін келесі үлкен сілкініс. Ол сілкініс қазірдің өзінде басталып кетті. Жасанды интеллект журналистиканы толығымен алмастырады деп айта алмаймын, бірақ 70-80 пайызын өз мойнына ала алады. Қазірдің өзінде жасанды интеллект мақала жазды, видео монтаж, анимация мен қысқаметражды фильмдер де жасай алады. Бұл – тек бастамасы. Алдағы бес жылда өте үлкен өзгеріс болады деп ойлаймын. Қазақ журналистикасы да бұл өзгерістен тыс қалмайды. Жағымды ма, жағымсыз ба нақты айту қиын. Бірақ бір нәрсе анық – бізге бейімделу қажет. Себебі жасанды интеллект келуімен бірге қолмен атқарылатын көптеген жұмыс автоматтандырылады. Бұрын он адам атқаратын жұмысты енді бір адам мен бір жасанды интеллект жасайды. Мысалы, жаңалық жазу, контент өңдеу, аударма жасау, техникалық монтаж, субтитр қою – бәрін жасанды интеллект өзі атқарып жатыр. Мұның соңы классикалық редакция құрамының қысқаруына, кей мамандықтың мүлдем жойылуына әкелуі мүмкін.

Дегенмен өзгерістен қорықпау керек. Ең бастысы, біздің мамандықта адами фактор жойылмауы тиіс. Жасанды интеллект қанша жерден мықты болса да, жүректен сезіну, жергілікті менталитетті тану, шынайы эмоцияны жеткізу – бұл адамға ғана тән қасиет. Сондықтан болашақ журналист тек жазуды ғана емес, анализ жасауды, сұхбат алуды, пікір қалыптастыруды, аудиториямен диалог жүргізуді үйренуі керек. Сондай-ақ қазақ журналистикасы жаңа форматтарға бейімделуі тиіс: подкасттар, деректі фильмдер, мультимедиялық лонгридтер, инфографика, сторителлинг – міне, болашақ осы бағытта дамиды. Баяғыдай тек мәтінмен ғана жұмыс істейтін журналистика емес, визуал мен деректі қатар меңгерген жаңа буын керек.

– **Демек, болашақта журналистің рөлі өзгере ме?**

– Иә, сөзсіз өзгереді. Бұрын журналист ақпарат жеткізуші болса, қазір ақпаратты сараптаушы, бағыттаушы, сенімді сүзгіден өткізуші болуы керек. Жасанды интеллект кез келген ақпаратты бере алады, бірақ оның ақиқат екенін анықтап, контекст беріп, сенімді формада ұсыну – адамға тән шеберлік. Сол себепті мен болашақ журналис-

тиканы – адам мен технологияның одақтасқан үлгісі ретінде көремін. Кім технологияны ерте меңгеріп, бірақ адамдық қасиетті жоғалтпай дамыса – сол ғана бұл салада өз орнын табады.

– **Сала қай бағытта дамуы керек?**

– Бір сөзбен айтсақ: технологияға бейімделу керек. Заман талабы сол. Бұрын теледидардан ақпараттық сюжет беру – көрермен үшін жаңалық еді. Қазір бұл форматтың күні өтіп кетті, аудитория одан әлдеқашан алшақтап кетті. Ал біз әлі баяғы қалыппен жұмыс істеп отырмыз. Көрермен, әсіресе жастар мүлде басқа кеңістікке, басқа форматқа өтіп кеткен. Қазір клиптік ойлау, қысқа формада қабылдау дағдысы қалыптасқан. TikTok, Reels, YouTube Shorts – бәрі жылдам, ықшам, визуалды түрде ақпарат беруге бейімделген. Адамдар 1 минуттан артық видео көруге ерінеді. Сондықтан форма өзгереді, бірақ мазмұн сол қалпында қалады. Біз тек сол мазмұнды жаңа пішінде ұсынуымыз керек. Жастар тақырыптық хабарларды көрмейді. Теледидарға қызықпайды. Жаңа буын әлемжелілерде, YouTube-та, подкастта жүр. Ал біз әлі сол баяғы студияда отырып, 10 жыл бұрынғы телехабар форматын қайталаймыз.

Жақында ресми түрде тележурналистикадан кететінімді жарияладым. Өйткені телевизияның өзгеріске ілесе алмай жатқанын көріп отырмын. Өзгеріс керек, мен сол өзгеріске өз форматымды ұсынып, бейімделуге бет бұрдым.

– **Ол қандай формат?**

– Жоспарым – реалии бағытындағы, әлеуметтік желіге арналған контент жасау. Оған YouTube-тағы бір жобаны мысал еттім: бір адам Аляскаға барып, сол жақтағы күнделікті өмірін түсіріп отырды. Нәтижесінде – 16 миллион жазылушы. Бұл – бүкіл телеарналар бірігіп те жинай алмайтын аудитория. Бірақ адамдар шынайы өмірді, реал эмоцияны, нақты оқиғаларды көруге құмар. Біз осыны ұмытып барамыз. Қазір көрерменге ресми баяндау емес, шынайы оқиға, тәжірибе, жеке көзқарас қызық. Сондықтан, қазақ журналистикасы реалии, деректі сторителлинг, интерактивті контент, әлеуметтік платформаға лайықталған өнімдер арқылы дамуы керек. Бізге жаңа формат табу қажет. Форманы өзгертпесек – мазмұн ешкімге жетпейді.

– **Егер бүгін жас журналистерге бір ғана кеңес беріңіз десе не айтар едіңіз?**

– Бір ғана кеңес беретін болсам – жалқау болмандар дер едім. Журналист үшін ең басты қасиет – еңбекқорлық. Қандай қабілетті, қандай талантты болсаң да, еріншектік ешқайда апармайды. Ал еңбекқор адам міндетті түрде мақсатына жетеді. Ерінбеу – іздену деген сөз. Ізденген адам өседі, тереңдейді, дамиды. Журналистика – жай ғана мамандық емес, ол – өмір бойғы оқу, үздіксіз даму.

– **Сізге журналистика не берді?**

– Журналистика маған атақ берген жоқ, оны ашық әрі анық айта аламын. Қолымда ешқандай атағым, марапаты жоқ. Өзім ондай ұсыныстардан бас тартып келдім. Былтыр сырттай біреулер ұсынып, жүлде алып қойған жағдай болды. Әйтпесе, өзім ешқашан атақ қуып, марапат іздеген жан емеспін. Бұл – менің принципім. Ал тәжірибе – әрине бар. Беделге қатысты нақты айта алмаймын. Өйткені бедел мамандыққа емес, жұмысқа қарай қалыптасады. Егер менің журналистикадағы беделім болса, ол – мамандықтың емес, менің еңбегімнің нәтижесі. Журналистиканың ең үлкен артықшылығы – өмірдің алдыңғы шебінде жүру. Бұл сала сені қоғамнан бөліп тастамайды, керісінше, нақты процестің ішіне кіргізіп жібереді. Қандай жағдай, қандай өзгеріс болса да – біз оны ең бірінші болып білеміз. Ақпараттың алдыңғы шебінде болу – үлкен мүмкіндік. Ақпарат деген – күш, білім, бағдар. Сондықтан, журналистика маған дәл осы тұрғыдан толассыз даму мүмкіндігін берді.

Журналистикаға ренішім жоқ, бірақ...

Егер маған қайтадан таңдау жасау мүмкіндігі берілсе – мен, бәлкім, журналистиканы емес, мемлекеттік қызметті немесе саясатты таңдар едім. Өйткені осы 28 жылда түйгенім: мен журналистика арқылы қоғамға пайдалы болуға тырыстым, бірақ дәл қазіргі жағдайда, егер мемлекеттік басқару саласында жұмыс істесем, қоғамға әлдеқайда көбірек пайда тигізер едім. Бұл – өкініш емес. Бұл – рефлексия. Жасым 50-ге келіп, мамандық ауыстырып жатқанды да сондықтан. Қателік болды деп айта алмаймын, себебі журналистика маған шексіз тәжірибе, шындықты тану мен түсінуге жол ашты. Бірақ өз мүмкіндігімді, әлеуетімді ескере отырып, басқа салада жүргенде елім үшін көбірек жұмыс істер едім деп ойлаймын. Әлі де кеш емес. Сондықтан жаңа бағытқа бет бұрдым.

– **Мазмұнды әңгімеңіз үшін көп рақмет!**

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

САРАП

Жаза дегеніміз сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза – қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе оларды шектеу арқылы қолданылады.

ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Қылмыстық іс бойынша жаза тағайындаудың мақсаты – әлеуметтік әділеттікті қамтамасыз ету болғандықтан, бұл сотты жаза тағайындау процесіне ерекше мұқияттылық танытуға міндеттейді. Қатаң, бірақ әділетті жаза қоғам тарапынан оң қабылданады, ал әділетсіз және лайықсыз жаза – жаза тағайындаудың мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік бермейді және сенімсіздік тудырады. Сондықтан жаза тағайындау өте маңызды мәселелердің бірі.

Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді. Қылмыстық заңда жаза тағайындаудың жалпы негіздері көрсетілген. Заң талабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс.

Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар ҚР Қылмыстық кодексінің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаған кезде соттар ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру қажет.

ҚК-нің 39, 52-баптарына сәйкес жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Заңның талабына сай жаза тағайындаудың жалпы бастауларын құрайтын аталған шарттар міндетті түрде олардың жиынтығында орындалуы керек. Сот осы талапты сақтағанда ғана қылмыстық заңда көрсетілген мақсатқа жеткізетін әділ жаза тағайындай алады.

Статистикалық мәліметтер бойынша соттармен ең көп тағайындалатын негізгі жазалар – бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру.

Бас бостандығын шектеуге сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, 58 жастағы және ол жастан асқан әйелдер, 63 жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.

Пробациялық бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыруда – сот шешімі бойынша сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау; белгілі бір орындарға бармау; психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (ауруларынан), жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өту; отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттерін; сотталған адамның түзелуіне және оның жаңа қылмыстық құқық

бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды қамтиды.

Бас бостандығынан айыруға сотталған адамды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне жіберу арқылы оны қоғамнан оқшаулаудан тұрады. Бас бостандығынан айыруға сотталған, үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелеріне орналастырылады.

Осы кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстары үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он жылдан аспайды. Айыппұл салуды, түзеу жұмыстарын, қоғамдық жұмыстарға тартуды немесе бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстырған жағдайда ол алты айға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жазаларды тағайындаған кезде бас бостандығынан айыру мерзімдерін ішінара немесе толық қосқан жағдайда және осы кодекстің 71-бабының бесінші бөлігінде және 77-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімі – 25 жылдан, ал үкімдердің жиынтығы бойынша отыз жылдан аспауға тиіс.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін белгіленуі мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, 63 жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.

Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жас балаға қатысты сексуалды сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасағаны үшін айыпталған 61 жастағы азаматқа қатысты үкім шықты. Сотта анықталғандай, ол 2024 жылғы 26 тамызда 2018 жылы дүниеге келген жас қыз баланың дәрменсіз күйін пайдаланып, күш қолданып және күш қолдану қатерін төндіріп сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаған. Сотталушы өзіне тағылған айып бойынша кінәсін ішінара мойындап масаң күйде подъезде жас баланың бетінен сүйгенін, басқа ешқандай зорлық-зомбылық әрекеттер істемегенін айтты.

Сотталушының кінәсі жас қыз баланың танымайтын ата подъезге бірге кіргенін, қолынан ұстағанын, лифтінің қасында шалбарының замогын ашып, жыныстық мүшесін шығарып бетіне тигізгенін көрсеткен тұрақты жауаптарымен дәлелденеді. Сондай-ақ, сотталушының кінәсі подъезде болған оқиға түскен бейнекамера жазбасымен нақты дәлелденеді.

ҚК-тің 121-бабының 4-бөлігі белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейді (15.04.2024 жылғы өзгерістерден кейін).

Қылмыстық жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлар сотта анықталған жоқ. Қылмыстық жауаптылық пен жазасын ауырлататын мән-жайлар ретінде оның қылмыстық құқық бұзушылықты алкогольден масаң күйде жасауын таныды. Сот бұл азаматты 121-бабының 4-бөлігімен кінәлі деп танып, оған өмір бойына педагогикалық лауызымдарын атқару және кәмелетке толмаған балалармен өмір бойына жұмыс жасаудан айыра отырып өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, жазасын өтеуді қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелерінде белгіледі.

ҚР 15.04.2024 № 72-VIII заңымен аталған қылмыс санаттары бойынша жаза күшейтілген. Бұрынғы редакциясындағы ҚК-нің 121-бабының 4-бөлігінде болған жиырма жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы алып тасталған, қазір тек өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Дегенмен, істің мән-жайын, сотталушының жеке басын, жәбірленушінің мінез-құлқын және тағы да басқа мән-жайларды ескере отырып, бұл бапта белгіленген жаза түріне баламалы жаза түрін қарастырған жөн болар еді деп санаймыз.

Н.БАҚТЫҒАЛИЕВ,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ

Елімізде кассациялық соттың өз жұмысын бастауына санаулы ғана күндер қалды. Замана қажеттілігінен туған бұл реформа сот жүйесіне серпін, жаңаша леп беретіні анық.

Кассациялық соттардың негізгі міндеті – сот шешімдерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуінің сақталуын қамтамасыз ету. Өз жұмысын шілде айының басынан бастағалы отырған



ЗАМАНА СҰРАНЫСЫНАН ТУҒАН РЕФОРМА

дербес кассациялық сот алғашқы сатыдағы сот шешіміне көңілі толмаған әрбір тұлғаға кассациялық тәртіппен сотқа жүгінуіне мүмкіндік береді. Жаңадан құрылатын кассациялық сот тек Астана қаласында жасақталып, бұл сатыға тәжірибесі мол, біліктілігі жоғары мамандар ғана іріктеледі. Сот жүйесіндегі мұндай жаңашыл реформа қарапайым халықтың сотқа қолжетімділігін арттырып, сенімін бекітеді, әрі заңсыздыққа дер кезінде тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.

Сот шешімдерін қадағалайтын және оққылығын түзететін сот жүйесінің бір тармағы сот шешімдеріндегі құқықтық, заңдық нормалардың сақталуын тексеруге баса назар аударатын болады. Заңдық институттардың пәрменді бір тетік екенін осындай бетбұрыстар дәлелдей түседі. Кассациялық сот еліміздің құқықтық сауатын көтеруде маңызды рөлге ие болатыны сөзсіз және осындай жаңашыл өзгерістер мен әртүрлі ізденістер құқықтық жүйенің дамуына зор ықпал етеді. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асып отырған кассациялық соттардың кадрлық құрамы да мықты, неғұрлым тәжірибелі судьялар қатарынан жасақталатыны бұл корпустың болашақта әділетті шешім инстанция болатынына хабар береді.

Нақтырақ айтсақ, кассациялық сот – ең

ТҰЛҒА

МАЙТАЛМАН



Қазақ халқы би-шешенге байырғы заманнан бай болған. «Тура биде туған жоқ...» деген халық сөзін ту етіп, адамның тағдырын таразылаған Төле, Қазыбек, Әйтеке билердей даналарымыз сөзімізге дәлел. Бүгін де солардың жалғасындай тұлғалар сот саласында аянбай еңбек сіңіріп, әділеттің ақ туы боп жүр. Сондай сыйлы жандардың бірі – Гүлнәр Рамазанқызы Хаженова.

Гүлнәр Рамазанқызы 1976 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1981 жылы аталған оқу орнын заңгер мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек өтілі – 41 жыл. Оның ішінде 16 жыл адвокаттық қызметте болса, 25 жыл судьялық қызметті атқарды.

Сот жүйесіндегі еңбек жолын 1981 жылы Қарағанды облысы Тельман аудандық сотының судьясы қызметінен бастап, Атырау қалалық сотының судьясы, Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында судья қызметін атқарды.

2016 жылы маусым айында Атырау об-

соңғы сот сатысы. Оның негізгі міндеті – бірінші және апелляциялық инстанцияларда қаралған істерді құқықтық қателіктер тұрғысынан қайта саралап, қарау. Бұл алғашқы сот сатыларында кеткен заңдық сәйкессіздіктер мен дәлелдер толықтығының анықтығын түзетуге мүмкіндік беру.

Жеке институт ретінде құрылып отырған кассация сот шешімдерінің нақтылығын күшейтуге, сот билігінің үш сатылы жүйесін нақтылай түсуге үлкен үлес қосады деп күтілуде.

Елдегі әділдік пен ашықтықты көрсететін мұндай жаңашылдық азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, заң үстемдігін нығайтады. Құқықтық жүйесі мықты елде заңбұзушылық пен адам құқы мен қақысының сұрауы бар екенінің дәлелі осындай реформалардан көрінеді. Кассациялық сот көптің көңіліндегі мұндай сенімдерді нығайта түсетіні анық. Ендеше, кассациялық соттардың қазақстандық жаңа моделіне үлкен сенім арттыруға болады. Кассациялық сот – әркез әділдікке жетудің мүмкін екендігін дәлелдейтін тың шешім, жаңа белес.

Нури ОМАРБЕКОВ,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

лысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында судья қызметін атқара жүріп құрметті демалысқа отставкаға абыроймен шықты.

Гүлнәр Рамазанқызы еңбек жолында жас судьялардың тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін арттыруға елеулі үлес қосып, тәжірибесін жас мамандарға үйретуден жалыққан емес.

Ол әрбір істің ақ-қарасын айырып, талай қылмыс пен жазаның, әділдік пен заңсыздықтың аражігін ашып көрсетіп, әрбір істі сабырлылықпен зерделеді. Ауыр қылмыстық істер бойынша ақтау үкімдерін қабылдап әділдік пен адалдықтың үлгісі болды. Осындай жанкешті еңбегі елеусіз қалмады. Білікті судья сот әділдігін жүзеге асырудағы жетістіктері үшін сот жүйесінің ең жоғары марапаты «Үш би» төсбелгісімен, 2010 жылдың «Үздік судьясы», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл», «ҚР Конституциясына 20 жыл» медалі, II дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісі, «ҚР Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісімен, Жоғарғы Сот, Судьялар одағы, облыстық сот төрағаларының бірнеше мәрте «Мақтау қағаздары» мен «Алғыс хаттары», Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Гүлнәр Рамазанқызының сот саласында алар орны бөлек, шоқтығы биік, ойы ұшқыр, майталман ардагер судья.

Ұжымда Гүлнәр Рамазанқызын көзіміз көргендей мінезі салмақты, өмірде қайратты, табанды, жігерлі және алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын қажырлы мінез иесі. Сонымен қатар Ол қызмет бабында түрлі қиындықтармен бетпе-бет келсе де еш мойыған емес. Қиын да күрделі саланың бел ортасында жүрсе де отбасының ұйытқысы, адал жар, ардақты ана, аяулы әже. Жақсыға айтар сөз көп. Азаматтығы мен адами қасиеті бөлек жанымызда жүрген жандарды құрметтеу, мерейін тасытып, еңбегін бағалай білсек, өткен күн – тарих, бүгінгі күн сый екенін зерделесек нұр үстіне нұр болар еді.

Сот жүйесіне өлшеусіз еңбегі сіңген майталман, тәжірибелі әрі үлгілі ардагеріміз, отставкадағы судья – Гүлнәр Рамазанқызы Хаженоваға ұжымның атынан зор денсаулық, бақытты да баянды ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз! Әрқашан да ел, қоғам алдындағы абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз!

Асем СПАНОВА,
Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

ПАРЛАМЕНТ

ҚАРЖЫНЫҢ ТИІМСІЗ ЖҰМСАЛУЫ ЖАЛҒАСУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл тәжірибе әлі де жалғасуда. Үкімет бәрінен «белбеуді қатайту-ды» талап етеді, бірақ өзі мемлекеттік ақшаны санауды үйренуге құлықсыздық танытып келеді. Осыны айтқан Перуашев мырза Үкіметтің бюджеттің орындалуы туралы есебін мақұлдамайтынын жеткізді.

Мәжілісте Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясының жетекшісі Асхат Рахымжанов та Үкіметтің әлсіз жұмысын сынады. Бұл орайда ол министрлер, депутаттар мен негізгі мемлекеттік орган басшылары қанша ауысса да қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің жақсармай қойғанын Ұлттық статистика бюросының мынандай деректерімен назарға салды. Оларға сүйенсек, Қазақстандағы кедейлік деңгейі 2015 жылы 2,7% болып, 2024 жылдың екінші тоқсанында 5,1%-ға жетіпті. Жылдан жылға елде тұтынушылық несиелеу өсуде. Өкінішке қарай, қазақстандықтар қарызға әрдайым техника немесе қымбат киім емес, қарапайым азық-түлік алуға мәжбүр. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері сырттан тасымалдануда. Алма бақтарын өсіруге миллиардтаған қаражат жұмсалса да, бүгінде супермаркет серелерінің денін поляк және қытай алмалары алып тұр. Алма былай тұрсын, картоптың өзі Қытайдан тасымалданады. Біздің азық-түлік қоржынымыз халықаралық стандарттарға, сондай-ақ Қазақстан халқының мәдени және дәстүрлі рационына жауап бермейді және азаматтарымыздың денсаулығына қауіп төндіреді. ЖСДП партиясы Үкімет айқындаған ең төменгі азық-түлік өнімдерін негізге ала отырып, ай сайын республика бойынша баға мониторингін жүргізеді екен. Оларды сатып алу үшін орташа отбасына кемінде 70 мың теңге қажет, бұл тек ең қажетті өнімдерге ғана жетеді. Сондықтан күнкөріс деңгейі 115 710 теңге болуы тиіс. Бірақ шенеуніктерді белбеулерін қатайтуға шақыру қиын. Керісінше, онсыз да қиын кезеңдерді бастан өткеріп жатқан

қарапайым қазақстандықтарға белбеуді созу керек. Өйткені, доллар бағамы үнемі өсіп келеді, импортқа тәуелді болғандықтан, бұл инфляцияның артуына әсер етеді. Коммуналдық қызметтер қымбаттап, бензин құны да артады. Біздегі өспейтін жағдай бюджет қаражатын бөлу кезінде мемлекеттік органдардың халық алдындағы ашықтығы мен есептілік деңгейі ғана.

Қаржы бөлінген кезде де, қандай да бір себептермен жергілікті жерлерде жобалар жүзеге асырылмайды. Мысалы, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында кәріз тазарту құрылыстарының 6 жобасы тоқтап тұр. Мұның себебі бұл аймақтарға жай ғана кәріз желілері жеткізілмеген. Ал, осы жұмысқа 2018 және 2021 жылдары 6 млрд теңге жұмсалыпты. Мұндай мысал өте көп. Осы жайлы айта келіп, Рахымжанов мырза да Үкіметтің бюджет есебіне қарсы дауыс беретінін мәлімдеді.

Мәжілістегі «Ауыл» партиясының өкілі Серік Егізбаев та бюджет қаражатының игерілуіндегі олқылықтарды ортаға салды. Оның сөзінен түйгеніміз, соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығын субсидиялауға бөлінген 2,2 трлн теңгенің не пайда келтіргені белгісіз. Өйткені, бұл қаражаттың тиімділігін бағалайтын нақты жүйе жоқ. Былтыр 10 млрд теңге көлемінде мақсатсыз жұмсалған субсидиялар анықталды. Бұл – бюджет қаржысының ашықтығы мен тиімділігіне қатысты алаңдаушылық туғызады. Тағы бір өткір мәселе – жыл басында фермерлерді субсидиялау бойынша мемлекеттік қарыздың көлемі 285 млрд теңгені құрады. Үкімет жыл соңына дейін фермерлер алдындағы бұл қарызды өтеуге уәде беріп отыр. Бірақ субсидияларды кешіктіру тәжірибесі фермерлердің сеніміне селкеу түсіреді, өндірістік жоспарлауға кедергі келтіреді.

Жергілікті бюджеттердің субсидия бойынша қарызды өтеу мүмкіндігі бола тұрса да, бірінші кезектегі маңызы жоқ жобаларды қаржыландыру тәжірибесі жалғасуда. Үкімет

әкімдіктермен нақты жұмыс істеп, қаражатты ең алдымен экономикалық қайтарымы жоғары, өндіріс көлемін, салық салынатын базаны және халық табысын өсіруге бағытталған жобаларға жұмсау керек.

Биыл жеңілдетілген кредитке 700 млрд теңге, ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға 200 млрд теңге бөлінді. Бұл – аграрлық сектор үшін маңызды қолдау. Бірақ субсидиялау қаражаты жергілікті бюджеттерге берілгеннен кейін, фермерлер алдындағы қарыз 285 млрд теңгеге жетті. Бұл қаражат басым емес жобаларға жұмсалып жатыр.

Экспорттық көрсеткіш те көңіл көншітпейді. 2024 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 5,7%-ға төмендеп, 5,1 млрд долларды құрады. Мұның басты себебі – өңдеу өнеркәсібінің әлсіздігі мен жабдықтардың ескіруі.

Ауылдық жерлердегі су инфрақұрылымы да тозған. Су нысандарының 65 пайызы апатты жағдайда. Бұл ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, ауыл экономикасының тұрақты дамуына жол ашу үшін бірнеше мәселе шешілу керек. Алдымен субсидиялау жүйесін түбегейлі реформалау қажет. Бұл орайда әрбір бөлінген қаржы нақты нәтиже беруі, өнім көлемін арттыру, экспортты өсіру, суды үнемді пайдалану басты назарда болуы керек. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібін қолдау күшейтілуі қажет. Әсіресе өңірлік деңгейде экспортқа бағытталған кластерлер құруды, ұлттық брендтерді дамыту мен сапа сертификаттарын алуды қамтамасыз ету керек. Саладағы кадрлық және институционалдық әлеуетті күшейту қажеттігі кезек күттірмейтін мәселе. Су ресурстары саласындағы мамандарды жүйелі түрде даярлау мен сертифициттау енгізілуі тиіс.

Бұл ұсыныстар ескеріле ме, әлде тағы да тыңдаушысыз қала ма? Сенімнен гөрі күдік көп.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЖАСЫЛ ЕЛ

Астанадағы №8 мектеп-лицейде «ЖасЛандшафт – Табиғатты түлет!» атты экологиялық-шығармашылық жазғы лагерь аясында оқушылардың өз қолымен жасалған ландшафттық бақтың ашылу салтанаты өтті.

Бұл «Жасыл ел» бағдарламасы мен мектептің экологиялық-ағартушылық бағыттағы «Жасыл әлем» жазғы лагерь жұмыстарының шеңберінде жүзеге асып отыр. Іс-ша-



«ЖАСЛАНДШАФТ» БАҒЫ ЖАЙНАП ТҮР



раға мектеп ұстаздары, оқушыларымен қатар, қалалық мәслихат депутаты Ләззат Разбекова, Астана қаласының Әдістемелік орталығының маманы Нұржамал Жұмажанова және ҚР Оқу-ағарту министрлігі комитет төрағасының көмекшісі Ерназ Батырхан қатысты.

Қонақтар оқушылардың табиғатқа деген жанашырлығын, шығармашылық қабілетін жоғары бағалап, мұндай жобалар жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Балалар өз қолдарымен табиғи және қайта өңделген материалдарды пайдаланып, гүлдер мен өсімдіктерді үйлестіре отырып, ерекше композициялар жасап шыққан. Енді ландшафттық бақ тек көркемдік қана емес, оқушылардың табиғатпен үндесіп, жасампаз еңбек арқылы экологияны қорғауға деген жауапкершілік сезімін оятатын маңызды ортаға айналмақ.

Бақ құрылымы ерекше мағына береді. Оның жалпы сызбасы күннің шуақ шаққан бейнесіне ұқсайды. Дәл ортасында күннен қуат алып жұмыс істейтін батареялы фонтан орнатылған. Ол табиғатпен үйлесімділікті, таза энергияны білдіреді. Күн шуақтарының ұштарында пайдалы, тағамдық шөптер мен көкөністер егілген. Сондай-ақ лагерь оқушылары мектеп ауласын көгалдандырып, арамшөптермен экологиялық жолмен күресіп, гүлзарлар мен жеміс бұрыштарын дайындапты.

Экологиялық шығармашылық бақтың таныстырылымы кезінде 9-сынып оқушысы Ерәли Сейілхан өз еңбегімен жасалған жұмыстарды таныстырып өтті.

«Мен «Жасыл ел» бағдарламасы аясында еңбек етіп жүрген мектеп оқушысымын. Бүгін сіздерге біздің мақтанышымызға айналған ерекше жобамыз – «ЖасЛандшафт» бағы туралы айтқым келеді. Бұл жай ғана бақ емес. Бұл–біздің қолымызбен істеген еңбек пен шығармашылықтың шынайы нәтижесі. Біз мектеп жанындағы бос жатқан аумақты көркейтіп, оны табиғатпен үндескен, пайдалы әрі көркем аймаққа айналдыруды мақсат еттік», – дейді ол.

Ерәлидің айтуынша, бақ жасау

кезінде 10 тонна құнарлы қара топырақ пайдаланған.

«Бұл бақ – тек табиғи өнім ғана емес, ол – жас ұрпақтың еңбегімен, шығармашылықпен жасалған болашаққа бағытталған жоба. Біз енді бұл жерді күнде күтіп-баптаймыз. Суарамыз, қопсытамыз, арамшөптен тазартамыз. «ЖасЛандшафт» – бұл мен үшін жай бақ емес, бұл – табиғатпен диалог, еңбектің қуанышы, өз қолыңмен келешекке қалдырған із. Мұндағы әрбір отырғызған гүл мен көшет жүрекке ерекше қуаныш сыйлайды», – дейді 11-сынып оқушысы Айша Ордабай.

Ал 9-сынып оқушысы Медина Сүйіндіктің сөзінше, жоба мақсаты – мектеп ауласын абаттандыру, қоршаған ортаға көрік беру және табиғатты аялау мәдениетін дамыту. Осы мақсатта мектеп алдындағы жалпы ұзындығы 37 метр, ені 5 метр болатын алаң пайдаға асып отыр. Бұл – шамамен 185 шаршы метр аумақты құрайды.

«Біз баққа гүл таңдауда да ерекше жауапкершілікпен қарадық. Солтүстік аймақтың климаттық жағдайына бейімделген, шөлге және құрғақшылыққа төзімді көпжылдық гүлдер таңдап алдық. Олар Эхинацея, Седум, Астра, Рудбекия, Астильба, Лаванда деп аталады. Бұл гүлдер тек әдемілігімен ғана емес, күтімге жеңілдігімен және экожүйеге пайдасымен де ерекшеленеді. Аралар мен көбелектерді өзіне тартатын гүлдерді егу арқылы біз табиғи тепе-теңдікті сақтауға да үлес қосып отырмыз. Лагерь кезіндегі күнделікті жұмысымыз таңғы сағат тоғызда гүлдерді суарудан басталады. Бұдан кейін арамшөп жлу, топырақты қопсыту, гүлдердің жағдайын бақылау сияқты тұрақты күтім жұмыстары жүргізіледі. Әр топ өз аумағына жауапты болып, кезекпен күтіп-баптауға қатысып келеді», – дейді биология пәнінің мұғалімі Күнсұлу Молдахметова.

Мұғалімнің айтуынша, оқушылар жобадан тек ландшафт дизайны мен өсімдіктер жайлы білім алып қойған жоқ, сонымен қатар еңбектің, бірліктің, табиғатқа жанашырлықпен қараудың маңызын түсінгендей.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

КӨКЖИЕК

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев АҚШ-та робототехникадан өткен халықаралық чемпионаттың жеңімпаздарымен кездесті. Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары



Өнертапқыштар АҚШ-тан жүлделі оралды

13-15 маусым күндері АҚШ-тың Вустер қаласында өткен WPI Annual FIRST LEGO League (FLL) (WAFFLE) халықаралық робототехника чемпионатына қатысып, олжалы оралды. «Tidal Tumble» командасы Қазақстан атынан 108 елден келген 650 команданың арасында өнер көрсетіп, Engineering Excellence Awards номинациясы бойынша II орын, Robot Performance номинациясы бойынша VI орынды иеленді. Чемпионатта жас өнертапқыштар ауадан ішуге жарамды су алуға

мүмкіндік беретін құрылғы – «Aqua Aeris» жобасын таныстырды. Бұл жоба қазақстандық жастардың техникалық білімінің тереңдігін және инженерлік шеберліктің жоғары деңгейін көрсетеді.

Жеңімпаздарды құттықтаған облыс әкімі Нариман Төреғалиев жаңа буын жанашылдарын тәрбиелеу мен қолдаудың маңыздылығына тоқталды: «Бүгін сіздер мыңдаған замандастарыңызға үлгі болдыңыздар. Бұл жай ғана байқаудағы жеңіс емес, бұл – ел болашағына қосылған

үлес. Мемлекет басшысы атап өткендей: «Қазақстанның болашағы – интеллектуалды, креативті әрі білімді ұрпақпен тығыз байланысты. Осындай жас таланттар – біздің басты капиталымыз», – деді.

Салтанатты жиында өңір басшысы Нариман Төреғалиұлы жеті жыл бойы жеңімпаздарды дайындап, облыстың білім беру саласына инженерлік ойлау мәдениетін енгізіп жүрген команданың тәлімгері Армат Мақсотовқа алғысын білдірді. Кездесу соңында облыс әкімі жас өрендерге Алғысхат табыстап, оларға халықаралық деңгейде жаңа жеңістер тіледі.

Айгерім ҒАЛЫМ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

Биыл еліміздің басты құжаттарының бірі – Конституция, яғни Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл. Осы жылдар ішінде Ата Заң қазақстандықтардың құқығының қорғалуына кепіл болып, өзінің миссиясын орындай білді. Әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі саналатын Ата Заңымыз 1995 жылғы 30 тамызда қабылданып, 5 қыркүйекте күшіне енген. Ең алғаш 1995 жылы Ата Заң қабылданған-

АТА ЗАҢ – МАҚТАНЫШЫМ!

нан кейін, оған 6 рет өзгеріс енді. Атап айтсақ 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары өзгеріс енгізілген. Уақыт сұранысына сай енгізілген бұл өзгерістер де қоғамды жандандыру үшін жасалынған қадамдар. Мәселен, соңғы өзгеріс бойынша Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламенті бар президенттік формаға көшті; Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі; Президенттің жақын

туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ; Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады; Өлім жазасына тыйым салынады. Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ; Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады; Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылды; Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша

шақыртып алуға мүмкіндік береді; Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталды. Демек бұл өзгерістер сол мезетте қоғам үшін маңызды қадам саналды.

Ата Заң – мемлекеттің тірегі, халықтың құқығын қорғайтын басты құжат. Заңы үстем елдің заманы қашан да тыныш екенін ескерсек, Ата Заңымыздың өз миссиясын орындап, елімізді құқықтық мемлекет ретінде сақтауға, ешкімнің бостандығы шектеліп, құқығы аяқасты болмауына өз ықпалын тигізіп отырғанын сезінеміз.

Алмажан ДҮЙСЕНОВА,
Ақтөбе қалалық соты әкімшісі

ПӘРМЕН

ЖАЛҒАН НӨМІРМЕН ЖҮРГЕНДЕР ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Заңның өзгеріп, толықтырылуы – заман талабы. Қоғамдағы құқық бұзушылықтарды жою үшін заңдық жауаптылықты күшейту тәжірибесі бұрыннан бар. Сонымен қатар, азаматтардың тілегі мен сұранысын ескере отырып заңнамадағы жазаны төмендету де билік пен халық арасындағы сенімді нығайтуға сеп болатын әдістің бірі. Әсіресе, азаматтар жиі бетпе-бет келетін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі өзгерістер мен толықтырулар жүйелі мониторинг пен сараптаманың нәтижесінде қолға алынатынын айта кеткеніміз жөн. Биыл бұл маңызды кодекске ауқымды өзгерістер енгізілді. Соның бірі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 590-бабындағы 4-1-бөлікке қатысты.

Кодекстің бұл бабы көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзғандарға жауаптылық белгілеуді көздейді. 590-баптың 4-1-бөлігі заңнамадағы іргелі жаңалықтар қатарында. Осы өзгеріске орай жалған нөмірмен жүрген немесе жарамсыз нөмірлері бар көлік құралын басқарғандар немесе белгіленген орындардан тыс орнатылған және тіркелген нөмірлермен көлікті басқаруға байланысты құқық

бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағандарға тағайындалатын жаза қатандатылған.

Бәрімізге белгілі, қазір жолдар ғана емес, ғимараттар да бейнебақылау камераларымен бақыланады. Сонымен бірге, жол ережесін бұзудың алдын алу үшін көп жерлерге Сергек камералары қойылған. Мұндай бақылау өз кезегінде еліміздегі түрлі құқық бұзушылыққа тосқауыл қойып, қылмыстың ашылуына

көп көмегін тигізіп келеді. Айып-пұл қалтаға үлкен салмақ салатындықтан, жүргізушілер де жол ережесіне бағынып, ортақ тәртіпті сақтауға тырысады. Алайда, айып-пұлдан жалтарып, бейнекамералардың бақылауынан сырт қалу үшін түрлі құйтұрқылыққа барып жатқан отандастарымыз аз емес. Олар бөтен нөмір тағып, көлік нөмірлерін өзгертіп, бояп, жарықтарды пайдалану арқылы камераға түспеуін қамтамасыз етіп, небір айла-амал қолдануда.

Заңнан жалтаруды ойлаған жүргізушілердің бұл әрекеті қоғамға да кері әсер етуде. Жалған не жарамсыз нөмірмен жол ережесін бұзып, желдей жүйтікп жүрген таныстарын көрген өзге тұрғындардың құзырлы органдарға, заңға деген теріс пікірі қалыптасады. Тіпті, айып-пұлдан қашу үшін осындай заңсыз қадамды қайталайтындар да табылы мүмкін. Ал мұндай жағымсыз



әрекеттің алдын алу үшін заңдағы жауаптылықты қатайту маңызды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі 590-бапқа 4-1-бөліктің енгізілуіне де осындай жағдай түрткі болған еді.

Кодекстегі өзгеріске сәйкес, енді 590-баптың 4-бөлігі бойынша жауапқа тартылған азамат осы құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталаса, оған заңнамадағы 590-баптың 4-1-бөлімі қолданылады. Оған сәйкес, алғашқы қателіктен сабақ алып, нәтиже шығармаған жүргізуші көлік құралын басқару құқығынан бір жылға айырыла оты-

рып, 5 тәулікке дейінгі уақытқа қамауға алынуы мүмкін. Бұрын мүгедектігі бар адамдар мұндай құқық бұзушылығы үшін қамауға алынбаған, жаңа өзгерістермен оларды бір жыл құқығынан айыра отырып, 40 АЕК көлемінде (122 520 теңге) айыппұл салынады.

Жазалау шарасы туралы түпкілікті шешімді әкімшілік істі қарайтын сот қабылдайды.

Шолпан ЕСБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласы
Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның акционері мен басшылығына				
Пікір Біз «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, табыс немесе шығын туралы есептен және өзге де жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнге аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік. Біздің ойымызша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды қатынастарда Компанияның 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес анық көрсетеді. Пікірді білдіру негізі Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз, көрсетілген стандарттарға сәйкес, бұдан әрі қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде ашылады. Біз Бухгалтерлер үшін халықаралық этика стандарттары жөніндегі Кеңестің (бұдан әрі – «БХЭКК кодексі») Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес компанияға қатысты тәуелсізбіз және біз осы талаптарға және БХЭКК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және тиісті деп санаймыз. Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі Басшылық көрсетілген қаржылық есептілікті ХБЕСК шығарған ХҚЕС-ке сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады. Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды немесе қызметті жоюдан немесе тоқтатудан басқа нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі негізінде есептілік жасауға жауапты болады. Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты. Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі Біздің мақсатымыз – қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару. Ақылға қонымды сенімділік – бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, алайда ХАС сәйкес жүргізілген аудит әрқашан болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтынына кепіл болмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады. ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз: • Жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қауіп қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін; • Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз; • Қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз; • Басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындыда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін; • Жалпы қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп ұсынатындығын бағалауды жүргіземіз.				
Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі (жалғасы) Біз «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертпелер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.				
Ержан Досымбеков				
Жоба бойынша серіктес / «Grant Thornton» ЖШС Бас директоры				
Қазақстан Республикасының білікті аудиторы 2012 жылғы 20 қаңтардағы №МФ-0000069 біліктілік куәлігі				
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті берген Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға 2018 жылғы 3 тамыздағы №18015053 мемлекеттік лицензиясы				
2025 жылғы 23 мамыр Алматы қ., Қазақстан Республикасы				
«СЕНТРАС ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП				
Мың теңге	Ес-кертпе	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан	
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	937,425	647,372	
Өзгерістері басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтері	6	24,305,482	21,942,589	
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	7	3,819,138	4,036,240	
Негізгі құралдар		227,880	197,463	
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		240,944	240,944	
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	8	107,696	133,511	
Басқа активтер		224,982	192,121	
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР		29,863,547	27,390,240	
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
КАПИТАЛ				
Жарғылық капитал	9	1,325,750	1,325,750	
Өзгерістері басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау қоры		1,447,743	876,195	
Үлестірілмеген пайда		7,516,121	7,122,463	
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ		10,289,614	9,324,408	
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	10	17,623,726	13,299,592	
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	7	350,530	397,542	
Тікелей репо келісімдері бойынша қарыздар	11	825,853	3,465,853	
Басқа міндеттемелер	12	773,824	902,845	
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ		19,573,933	18,065,832	
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		29,863,547	27,390,240	

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП				
Мың теңге	Ес-кертпе	2024 жыл	2023 жыл	
Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі:				
Сақтандыру бойынша кіріс	13	21,530,128	26,541,323	
Сақтандыру бойынша шығындар	14	(17,435,455)	(13,026,053)	
Қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын шығындар	15	(4,819,979)	(10,961,237)	
Сақтандыру қызметтерін көрсетудің нәтижесі		(725,306)	2,554,033	
Инвестициялық қызмет:				
Таза пайыздық кіріс	16	1,976,870	1,350,506	
Инвестициялық кіріс	16	537,102	1,123,383	
Инвестициялық қызметтің нәтижесі		2,513,972	2,473,889	
Басқа қызмет:				
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан таза (шығын) / пайда, нетто		371,091	(89,929)	
Күмәнді қарыздар мен құнсыздануға арналған резервтерді қалпына келтіру / (қалыптастыру)		141,289	(76,798)	
Басқа кірістер / (шығыстар)		(38,569)	26,645	
Басқа қызметтің нәтижесі		473,811	(140,082)	
Әкімшілік және операциялық шығындар	17	(2,659,336)	(2,022,375)	
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда / (шығын)		(396,859)	2,865,465	
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	8	(26,465)	(17,686)	
Бір жылдағы таза пайда / (шығын)		(423,324)	2,847,779	
Басқа жиынтық табыс:				
Болашақта пайда немесе залал ретінде қайта жіктелетін баптар				
Өзгерістері нәлдік теңгенің салық әсерін шегергендегі басқа жиынтық кірістің құрамында (бұдан әрі – «БЖКҚ») көрсетілетін әділ құн бойынша көрсетілетін борыштық бағалы қағаздар бойынша іске асырылған шығыстар / (кірістер)		17,898	(384,947)	
Салық әсерін шегергенде БЖКҚ бойынша ескерілетін борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының таза өзгеруі нөл теңге		79,023	698,287	
Болашақта пайда немесе залал ретінде қайта жіктелмейтін баптар				
БЖКҚ бойынша көрсетілетін үлестік құралдардың әділ құнының таза өзгеруі		1,291,609	–	
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі өзге де жиынтық табыс		1,388,530	313,340	
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖИЫНЫ		965,206	3,161,119	

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП				
Мың теңге	Жарғылық капитал	БЖКҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтерін қайта бағалау қоры	Бөлінбеген пайда	Барлығы капитал
2023 жылғы 1 қаңтарға	1,325,750	562,855	4,274,684	6,163,289
Бір жылдағы таза табыс	–	–	2,847,779	2,847,779
Басқа жиынтық табыс	–	313,340	–	313,340
Жиынтық табыс жиыны	–	313,340	2,847,779	3,161,119
2023 жылғы 31 желтоқсанға	1,325,750	876,195	7,122,463	9,324,408
Бір жылдағы таза шығын	–	–	(423,324)	(423,324)
Басқа жиынтық табыс	–	1,388,530	–	1,388,530
Салық әсерін шегергенде БЖКҚ бойынша көрсетілетін үлестік құралдардың шығуынан пайда нөл теңге	–	(816,982)	816,982	–
Жиынтық табыс жиыны	–	571,548	393,658	965,206
2024 жылғы 31 желтоқсанға	1,325,750	1,447,743	7,516,121	10,289,614

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП				
Мың теңге	Ескертпе	2024 жыл	2023 жыл	
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:				
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі (залал) / пайда		(396,859)	2,865,465	
Түзетулер:				
Тозу және амортизация		71,937	103,403	
Қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары бойынша есептелген шығыстар	12	348,717	326,230	
Күмәнді қарыздар мен құнсыздану резервтерін (қалпына келтіру) / қалыптастыру		(141,289)	76,798	
Есептелген пайыздардағы таза өзгеріс		98,739	38,668	
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған залал		(865)	(119)	
Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылмаған кіріс / (залал)		371,091	(89,929)	
Жалдау бойынша пайыздық шығыстар	16	–	1,649	
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі		351,471	3,322,165	
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер:				
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтерді өзгерту		170,090	102,886	
Басқа активтердегі өзгеріс		(56,390)	(29,228)	
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді өзгерту		4,324,134	(2,131,397)	
Тікелей репо келісімдері бойынша алынған қарыздарды өзгерту		(2,364,616)	(1,884,653)	
Басқа міндеттемелердегі өзгеріс		(428,737)	(87,352)	
Операциялық қызметтен корпоративтік табыс салығына дейінгі ақша қаражатының таза түсімі / (кетуі)		1,995,952	(707,579)	
Төленген корпоративтік табыс салығы		(650)	(61,558)	
Алынған пайыздар		1,851,633	1,652,961	
Төленген пайыздар		(269,598)	(674,066)	
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты		3,577,337	209,758	
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:				
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(83,369)	(104,111)	
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		1,438	121	
БЖКҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтерін сатып алу		(6,932,697)	(6,172,595)	
БЖКҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің шығуынан түсетін түсімдер		3,187,826	5,340,708	
Алынған дивидендтер	16	555,000	738,436	
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза кетуі		(3,271,802)	(197,441)	
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША АҒЫНДАРЫ:				
Негізгі жалдау қарызын төлеу		–	(52,456)	
Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың таза кетуі		–	(52,456)	
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі / (кемуі)		305,535	(40,139)	
Валюта бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері		(6,275)	25,875	
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервтегі өзгерістердің әсері	5	(9,207)	(17,153)	
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	647,372	678,789	
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	937,425	647,372	

Басқарма Төрағасы	Б.А. Турысбеков
Бас бухгалтер	Е.Г. Кузнецова
2025 жылғы 23 мамыр Алматы қ., Қазақстан Республикасы	

ОРТАҚ МҮДДЕ

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС, АДАМДЫҚҚА ҚАЙШЫ

Қазіргі қоғамда меншікке қарсы қылмыстардың ішінде кең таралған және қоғамдық қауіп жоғары түрлердің бірі – сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу. Бұл әрекет адамгершілік қағидаттарына қайшы келіп қана қоймай, экономикалық тұрақтылыққа, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік құқықтарына елеулі зиян келтіреді.



Меншікке қарсы жасалатын қылмыстар – кез келген құқықтық жүйеде қылмыстық заңнаманың маңызды элементі. Қазақстан үшін де бұл мәселе өзекті, себебі меншік қатынастарының нығаюы – нарықтық экономиканың іргетасы. Соның ішінде сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (ҚР ҚК 189-бабы) – қазіргі таңдағы жиі кездесетін және мемлекетке, жеке тұлғаларға зор материалдық шығын келтіретін қылмыс түрі.

ҚР Қылмыстық кодексінің 189-бабына сәйкес, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу деп – бөтен мүлікті ұрлау, яғни оны заңсыз иелену мақсатында иесіне немесе басқа меншік иесіне сенім білдіру арқылы алынған мүлікті өз пайдасына немесе басқа адамның пайдасына заңсыз иелену түсініледі.

Бұл қылмыстың ерекшелігі – тараптар арасындағы сенімге негіз-

делген құқықтық қатынастардың бұзылуынан туындауы. Сол себепті бұл әрекет жай ғана мүліктік зиян емес, сонымен қатар азаматтық айналымдағы құқықтық сенімділікті шайқалтатын қауіпті фактор болып табылады.

Иемдену – мүлікті заңсыз, бірақ-жасырын түрде өз пайдасына пайдалану. Ал талан-тараж – бұл мүлікті иелену және оны ашық түрде немесе үшінші тұлғалар арқылы жымқыру. Екі нұсқаның да басты айырмашылығы – қасақана сипатта жасалады және бөтен мүлікке сенім арқылы қол жеткізу негізінде туындайды.

Мұндай қылмыстар көбіне қаржылық мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда, тіпті мемлекеттік мекемелерде де орын алады. Бұл ретте келтірілген шығын көбіне аса ірі мөлшерге жетіп, ұйым қызметінің бұзылуына, жұмыс орындарының қысқаруына, инвестициялық сенімнің әлсіреуіне алып келеді. Сонымен қатар, мұндай әрекеттер адамдар арасындағы сенімді жояды, қоғамда әділетсіздік сезімін туғызады.

Бапта бөтен мүлікті иемденіп алу (қызмет бабында берілген немесе заңды негізде сеніп тапсырылған мүлік) және оны талан-таражға салу (сату, жою, беру жолымен заңсыз

иеліктен шығару) деген екі нысан бекітілген.

ҚК 189-бабы санкциясы бойынша: жеңіл түрі – айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу; ауырлататын жағдайлар – аса ірі мөлшерде, қызметтік жағдайды пайдаланып жасалса – 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

Қылмыстың алдын алу шаралары:

- 1) Қызметкерлермен сенім шарттарын нақты бекіту;
- 2) Ішкі бақылау мен аудит жүйелерін күшейту;
- 3) Жалған құжаттарды уақытылы анықтау;
- 4) Мемлекеттік мекемелерде қаржылық тәртіпті автоматтандыру;
- 5) Соттар үшін типтік істер бойынша нормативтік түсіндірмелер енгізу.

Сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу – бұл тек қана заң бұзушылық емес, сонымен бірге қоғамның моральдық негіздеріне жасалған шабуыл. Әрбір азамат пен ұйым өзінің құқықтық және этикалық жауапкершілігін сезініп, адалдықты басты қағида етуі тиіс. Сонда ғана біз қауіпсіз және әділ қоғам құра аламыз.

Ізет БАҚЫТБЕК,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының бас маманы

ТАРАТУ

6. «Первомайское» ЖШС (БСН 140240031163) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Чехов көшесі, 39/2 үй, тел. 87056253022.

8. «ТЕСКО-КЗ» ЖШС (БСН 181140023486, пошта индесі 060000, Атырау қаласы, Зейнолла Ғұмаров көшесі, 90-үй, 13-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, С.Каженбаев көшесі, 1-үй, 20-пәтер, тел. 87756184769, 87013884544.

9. «Артиллерия» ЖШС (БСН 190140035200) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 34/96 үй, 88-пәтер, тел. 87011202315.

10. «Мак_2024» ЖШС (БСН 240440041228) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Кенжекөл ауылы, Құрманбай көшесі, 8-үй, тел. 87760000159.

12. Қызылорда қаласы әкімінің 2025 жылғы 11 сәуірде №1727 қаулысына сәйкес «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230940042044) заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мұрат Саламатов тұйық көшесі, 20, өзінің таратылатындығы жөнінде хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қызылорда қаласы, Н.Тлендиев көшесі, №99 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 87788325999.

15. «OilTech Solutions» ЖШС (БСН 241040009679) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 54-үй, 177-пәтер, тел. +77016591809.

16. «Agro Market 2017» ЖШС (БСН 170340032547) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, орбита 16/3, 1-пәтер, тел. 87714130505.

ӘРТҮРЛІ

2. «Argus» Юридическое агенство» ЖШС (БСН 071240000725) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1

ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 1-үй, 050039.

3. «Айназ и К» ЖШС (БСН 061140024093) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Панфилов көшесі, 20-үй, 050016.

7. «SoftProjects» ЖШС (БСН 170440015184) өзінің жарғылық капиталын 1 082 636 770 теңгеден 18 000 000 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, №210А корпусы, 72-кабинет, индекс 050020 мекенжайы бойынша қабылданады.

11. «ОУСА-Ғ» ЖШС (БСН 150840015879) жарғылық капиталдың 1 518 360 565 (бір миллиард бес жүз он сегіз миллион үш жүз алпыс мың бес жүз алпыс бес) теңгеге дейін азайғанын хабарлайды. Шағымдар Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 32-үй, 408-кеңсе мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қабылданады.

13. Алматы қаласы Бостандық аудандық сотында Холамханов Олег Кирановичтің арызы бойынша, оның әкесі Холамханов Керим Магамедовичті, 1939 жылғы 24 желтоқсанда туған (ЖСН 391224301088), Ресей, Ставрополь өлкесінің тумасы, қайтыс болған деп тану туралы азаматтық іс қаралауда.

Холамханов Керим Магамедович туралы қандай да бір ақпараты бар адамдардан Алматы қаласы, Бостандық аудандық сотына +7(727)333 12 41 телефоны арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз.

17. «Capital» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 2025 жылы «24» маусымда Серіктестіктің қатысушысы Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағанын туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі – дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2025 жылғы «26» ақпан. Шығарылған облигациялар саны – 18 000 (он сегіз мың). Облигациялардың жалпы көлемі – 180 000 000 (бір жүз сексен миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сату алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің келесі электронды поштасына жіберіңіз тоosfcapital@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

МҰРАГЕРЛІК

4. 2008 жылдың 17 ақпанында қайтыс болған Құлманова Үфизаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

5. 2015 жылдың 13 қазанында қайтыс болған Малдыбай Қойшыбай Төлеуұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

Алматы қалалық сотының ұжымы мен Судьялар одағының филиалы және Сот әкімшілігінің Алматы қаласы бойынша департаменті, Алматы қаласы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің басшысы Ержан Қайроллаұлы Қожахметовке қымбатты да аяулы анасы
Саулеш Саулебайқызының дүниеден өтуіне байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, шынайы көңіл айтады. Анаңыздың иманы пейіште шалқысын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. e-mail:zan.at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы. 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

САУАЛНАМА

Журналист болу – бір жағынан ұлы мәртебе, екінші жағынан үлкен жауапкершілік. Бұл мамандықты таңдаған әр адам – қоғамдағы шынайылықты іздеуші, халық пен билік арасындағы алтын көпір, әділеттің жаршысы. Кәсіби мереке қарсаңында саланың бел ортасында жүрген, тәжірибесі де, айтары да бар аға-әпкелерімізге сауал жолдап, осы кәсіпке қалай келгенін, есінде қалған сәттерін, алғашқы мақаласын немесе сюжетін еске түсіруін өтіндік.



Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң» журналының редакторы:

«АРМАН – АЛЫСТАҒЫ ЖАРЫҚ СЕКІЛДІ. МЕН ОҒАН ЖЕТПЕЙ ҚОЙМАЙТЫНДАР ҚАТАРЫНДА БОЛДЫМ»

Журналистика менің бала кезгі арманым болатын. Сол арманыма жету жолым оңай болған жоқ. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде журналистика факультетінің студенті атану үшін үш жыл қатарынан бағымды сынадым. Қазіргі жастарға бұл түсініксіз көрінер, алайда мен үшін ол жылдар – үміт пен күреске толы кезең еді. Оқушы кезімде жазған өлеңдерім «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Балдырған», «Ақ желкен» сияқты басылымдарда жарық көріп тұрды. Ол уақытта «жазатын баланың болашағы – журналистика» деген көзқарас қалыптасқан. Бәлкім, осы ұғым менің бала жүрегіме үміт ұялатқан болар.

«Заң газетінде» жұмыс істеп келе жатқанымға жиырма жылға жуықтады. Осы уақыт ішінде редакцияға түрлі тағдыр иелері келіп, мұңын шағып, әділдік сұрап жатты. Газет – олардың соңғы үміті екенін сезінесің. Бірде Талғар аудандық сотына журналистік зерттеу жүргізу мақсатында бардым. Ғимаратқа кіргізбей қойған күзетшілердің сөзін тыңдап тұрғанымызда, іздеп келген адамымыз соттың артқы есігінен шығып бара жатты. Жанымдағы фототілші досыммен бірге артына түсіп, ғимаратты айналып қуып жеттік. Танығанымызбен, ол кісі бізге бұрылып та қарамады. Бұл оқиға кейін үлкен резонанс тудырды. Мен үшін бұл оқиға – журналистің қырағылығы мен табандылығы қандай болу керек дегеннің айқын мысалы. Қазір бәрі естелік. Бірақ дәл сол күні біз шындықтың соңында жүгіріп жүр едік.

Алғашқы мақалам – жүрек қанымен жазылған дүние. Студент кезімде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Көңілге қонбас кешірім» атты мақалам – мен үшін ең ауыр әрі ең шынайы жазба болды. Жиенім қылмыскерлердің қолынан қаза тапты. Басты айыпталушы өлім жазасына кесілді. Кейін Президентке кешірім сұрап хат жазып, жазасы 25 жылға жеңілдетілді. Ал артында қаншама отбасы жылап қалды. Сол мақаланы жазу – менің ішкі жанайқайым, азаматтық ұстанымым болатын. Бұл менің журналистік жолымның бастауында-ақ әділеттілікті қорғайтын бағытты таңдауым еді.

Алия ЕНСЕБАЕВА,
Respublica партиясы баспасөз қызметінің менеджері:

«МАМАНДЫҚТЫҢ АРҚАСЫНДА ОҚИҒА ОРТАСЫНДА ӨМІР СҮРДІМ»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқып, үлкен өмірге қадам басқаннан кейін, қаладағы газетке жұмысқа орналастым. Бұл сала маған тек ақпарат тарату емес, адамдармен кездесіп, оқиға ортасында болу, жаңа нәрсені біліп, соны халыққа жеткізу секілді ерекше мүмкіндік берді. Журналист болу – өмірмен тікелей байланыста болу. Бұл салада өткен он жыл менің болмысымды қалыптастырды.

Ең есте қалған сәт – Күлкі күні оқырманды алдап алғанымыз. Газетте жұмыс істеп жүргенде 1 сәуір – Күлкі күніне арнайы «фейк жаңалықтар» жариялау дәстүрге айналған еді. Бір жолы «Шымкентке әйгілі мексикалық актриса Вероника Кастро келеді» деген жалған хабар тараттық. Соны естіген оқырмандар редакцияға тоқтаусыз хабарласып, қайда барып күтіп аламыз деп сұрап жатты. Бұл елдің баспасөзге деген сенімі қаншалықты жоғары екенін байқатты.

Алғашқы мақалам – оқушы кезімде жарық көрді. Аудандық газетке жазған кішкентай мақалам үшін қаламақы алғаным есімде. Сол ақшаға сыныптастарға қаламсап алып бергенмін. Қарапайым мақала – үлкен сенімге, үлкен армандарға жол ашты.



Гүлжайнар СҮЛЕЙМЕНОВА,
«Jibek Joly / Silk Way» телеарнасының бас редакторы,
ҚР Президенті Телерадиокешенінің өкілі:

ТАҒДЫРЫМДЫ ӨЗГЕРТКЕН ҚҰРБЫМА АЛҒЫС АЙТАМЫН

Әрбір адамның өмірінде тағдырын өзгертетін әр қилы жағдайлар болып жатады ғой. Ал менің журналистика саласына келуіме Алматыдай әсем шаһардан алғаш тапқан адал досым – Фируза себепкер болған еді. Бүгінде қайсібіреулер өмірінің өзге арнаға бұрылуына ықпал еткендер туралы айтқанды аса жақтыра бермейді. Алайда, жыл сайынғы кәсіби мереке қарсаңында, менің көз алдымда жан досымның асыл бейнесі, айтқан сөздері келеді де тұрады.

90-жылдардың басында «тіл маманы болам» деп Алматының іргелі оқу орындарын аралап, тарихқа келгенде тұралап қала беретін маған досым Фируза: «Осы сен неге журналистика мамандығына бел буып көрмейсің? Талантың бой бермей бара жатса, еркін тақырыпта көсіліп шығарма жаз» деп намысымды қайрағаны күні кешегідей есімде. Бағым жанды. ҚазҰУ-дің студенті атандым. Ойламаған жерден жаныма жақын болып кеткен журналистикадан күні бүгінге дейін напақамды тауып келем.

Телеарнадағы кәсіби жолым 1993 жылы «АТВ-АТД» деп аталатын арнадан басталды. Алғашында инфо-редактор ретінде дикторларға мәтін дайындаумен айналыстым. Уақыт өте келе өзім де материал дайындап, эфирге шығара бастадым. Сол арнада қызмет етіп жүрген кезімде «Түркістан» газетінің алғашқы редакторы, Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановтан сұхбат алып келуге бардым. 10-15 минутқа созылған өте әдемі сұхбат болды. Алайда телеарнада тек мазмұн ғана емес, кадрдағы адамның келбеті, киімі, отырысы маңызды екенін сол жолы ерекше ұғындым. Мен ол кісімен емін-еркін әңгімелесіп отырдым да, сырт келбетіне, әсіресе шашының қалай тұрғанына мүлде мән бермеппін. Кейін студияда материалды монтаждау кезінде байқасақ, Қалтай ағамыздың селдір шашы төбесі мен екі самайына қарай үш жаққа үрпіп түсіп қалыпты.

Сол сәтте сұхбатты эфирге дайындау оңайға соқпады. Үстел үстіндегі телефон, кітап, қағаз сияқты түрлі заттарды бөлек түсіріп, әр кадрды өзгертіп, сұхбаттың сыртқы көрінісін реттеуге көп күш жұмсалды. Бұл оқиға менің есімде мәңгіге сақталып қалды. Содан бері сұхбат аларда режиссер болсын, болмасын – ең алдымен адамның киіміне, шашына, галстугінен бастап сырт келбетіне түгел назар аударып барып жұмысты бастайтын болдым.

Ал ең алғашқы сұхбатым осыдан отыз жыл бұрын Медеу мұз айдынында өткен «Баспалдақ» атты спорттық жарыстан болды. Сол кезде 2 минуттық ақпараттық материал дайындағанмын. Тіпті сол сәтте алғаш сұхбат алып тұрған фотом да бар, үйде сақтаулы.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

СОТ ЖАРЫССӨЗІ – АҚИҚАТҚА ЖЕТУ АЛДЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫ

Сот жарыссөзінің тараптар теңдігін сақтауда, ақиқатты анықтап, деректерді зерделеуде маңызы зор. Себебі бұл сот процесін қорытындылайтын сот талқылауының дербес бөлігі. Мұнда дәлелдемелерді талдауға, бағалауға мүмкіндік беріледі. Қылмыстық іс бойынша тараптардың жарыссөздері – сот талқылауының дербес кезеңі.

Сот жарыссөзінің заңдық қағидаттары, мазмұны мен тәртібі Қылмыстық-процестік кодекстің 383-бабында жан-жақты дәйектелген. Осы тәртіпке сәйкес судья сот жарыссөзінің талапқа сай өтуін қадағалайды. Айталық төрағалық етуші сот жарыссөзіне қатысушылар сот отырысында зерттелмеген материалдарға сілтеме жасаса ескерту жасап, заңдылығын түсіндіруге міндетті. Қатысушылардың өтінішіне сай сот жарыссөзіне дайындалуына арнайы уақыт беріледі. Жарыссөз барысында айыптаушы, жәбірленуші, оның өкілі, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сотталушы мен қорғаушы өз уәждері мен қарсылықтарын негіздеп жеткізуге мүмкіндік алады. Процеске қатысушылардың сөз сөйлеу ретін сот белгілегенімен, барлық жағдайда да бірінші болып айыптаушы сөз алатынын ұмытпауымыз керек.

Сот жарыссөзіне қатысушылардың сөйлеуіне уақыт жағынан шектеу қойылмаған. Тек олар қаралған іске қатысты болуы, әрі сот отырысында зерделенген дәлелдерге сүйенуі шарт. Ақиқаттың таластан туатыны сияқты, төрелік алаңындағы шындықты айқындауда сот жарыссөзінің ықпалы зор. Сондықтан, қатысушылар іс бойынша өз қорытындыларын айтып қана қоймай, сотты осы тұжырымдардың дұрыстығына сендіруге тырысуы тиіс. Ол үшін жарыссөзге дайындалған тұжырым болжамдарға емес, сенімді дәлелдерге негізделіп, іс бойынша барлық нұсқалар зерттелуі, бар қайшылықтар қарастырылуы тиіс. Себебі сот жарыссөздеріндегі айтылған нұсқалар сотқа және сот

отырысына қатысқандардың барлығына істің нақты және заңды жағдайларын жақсырақ түсінуге, олардың мәні мен мағынасын ұғынуға, қажетті қорытынды жасауға көмектесуі керек.

Сот жарыссөздерінің барлық қатысушылары сөз сөйлегеннен кейін олардың әрқайсысы тараптар өкілдерінің сөйлеген сөздеріне қатысты қысқаша қарсылықтармен немесе ескертулермен тағы бір рет сөз сөйлеуге құқылы. Әрине, сот жарыссөзіне қатысушылар үлкен дайындықпен келіп, іс бойынша жиналған барлық дәлелдемелік материалдар заңды түрде талданса, істің барлық даулы мәселелері қызу талқыланса, процеске қатысушылардың әрқайсысы өз талаптары мен ұсыныстарын негіздесе, осы дәлелдер мен қисынды тұжырымдарға сүйене отырып сотқа дұрыс қорытынды жасау, заңды, негізделген шешім шығару оңай болады. Осыған орай, сот жарыссөзіне қатысушылар нақты дерек, қарсылықтарын айтып қана қоймай, оны әдемі сөз, көркем тілмен жеткізе алса, өзінің сөзіне сендіре алса құба-құп. Кейде ойын дәл жеткізе алмау, қай мәселеге нақты назар аудару керектігін нақты көрсетіп бере алмаудың соны сотта өз мүдденді қорғауға кедергі келтіріп жатады. Сондықтан, сот жарыссөзіне немкеттілік танытпай, бұл сатыға ақиқатқа жетудің дайындығы деп жоғары маңыз берген абзал.

Еркін МАЙШИНОВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

БІЛГЕН ЖӨН

ОРТАҚ ЕРЕЖЕГЕ БАҒЫНУ МІНДЕТ

Сот саласы жаңа реформалардан кенде болған емес. Соттың беделі – мемлекеттің беделі болғандықтан, саланы жандандыруға қатысты жаңа бастамалардың қолға алынып, заңдардың жаңғырып, толықтырылып тұрғаны дұрыс.

Мәселен 2025 жылғы 10 қаңтарда ел Президенті «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл ережелер ресми түрде биыл 13 наурызынан бастап күшіне енген болатын. Соған орай халыққа кодекстегі жаңа өзгерістерді таныстыру, түсіндіру біздің басты мақсатымыз.

Әкімшілік құқық бұзушылыққа енгізілген өзгерістерге сәйкес, дербес деректерді қорғау бойынша заңнаманы бұзғандарға жауапкершілік күшейтілді. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқандарға, декларациядағы мәліметтерді дұрыс көрсетпегендерге салынатын айыппұл мөлшері өсті. Бұдан бөлек, кодексте әкімшілік жазаның жаңа түрі ретінде «қоғамдық жұмыстарды» қолдану енгізілгенін атап өткен жөн. Бір ерекшелігі қоғамдық жұмыстарды сот жеке тұлғалардың келісімімен тағайындайды.

Заңнамадағы ауқымды

өзгерістің бірқатары көліктегі және жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды реттеуге бағытталған.

Мәселен, ӘҚБтҚ-нің 610-бабы жүргізушілердің көлік құралдарына, жүктерге, жолдарға, жол және басқа да құрылыстарға не материалдық залал келтірген өзге де мүлікке зақым келтіруге әкеп соққан Жол жүрісі ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді.

Бұған дейінгі тәжірибе барысында кодекстің 610-бабы 1-бөлігі бойынша жауаптылыққа тартылған азаматтарға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл немесе алты айға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы қолданылатын еді. Ал жаңа өзгеріске орай 2025 жылғы 13 наурыздан бастап бұл құқық бұзушылық үшін баламасыз 20 АЕК (78 640 теңге) мөлшерінде айыппұл тағайындау көзделіп отыр. Жаңа өзгеріс бойынша жүргізуші куәлігінен айыру жазасы жойылып, тек айыппұл белгілеу қалды. Егер ай-

ыппұл 7 күн ішінде төленсе, айыпты жүргізуші төлейтін сома 39 320 теңгені құрайды. Ізгілікті шара жүргізушілерді табыс көзінен айырмай, қателігінен сабақ алуына мүмкіндік беруді көздейді. Себебі көлік құралын басқару құқығынан айыру отбасын жалғыз асырап отырған азаматтарға ауыр тиетіні рас.

Мұндай жеңілдік азаматтардың денсаулығына зиян келмегенде ғана қолданылады. Ал жол көлік апатынан азаматтардың денсаулығына зиян келсе, жаза қатаң. Егер жүргізуші бір жыл ішінде қайтадан апат жасап, азаматтар денсаулығына жеңіл зиян келтірсе 40 АЕК (157 280 теңге) айыппұл салынып немесе 9 айға жүргізуші куәлігінен айырылатынын ескергеніміз жөн. Бұл ретте айыппұлға 50% жеңілдік қолданылмайтыны да азаматтардың өмірі мен мүддесінің мемлекет үшін басты орында екенін көрсетсе керек.

Арай НУГУМАНОВА,
Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана

Тапсырыс №95 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.